

카자흐어-한국어
문법 자료집

Қазақша-кәрісше корей тілінің
грамматикалық анықтамасы



한국학센터
KazUIR&WL

CENTER *for* KOREAN STUDIES

К 18 «카자흐어 - 한국어 문법 자료집»: оқу құралы / А.М. Амангелді, Ли Сунг Сук.
Алматы: Абылай хан атындағы Қаз ХҚ және ӘТУ Корейтану орталығы. 2020.


ISBN 978-601-270-500-3

«카자흐어 - 한국어 문법 자료집» қазіргі кездегі қолданыстағы «Қазақстандықтар үшін корей тілі» атты оқулығының қосымша оқу құралы болып табылады. Бұл грамматикалық анықтама аталмыш оқулықтың бірінші және екінші бөлім бағдарламаларына сәйкес құрастырылған корей тілі грамматикасы ережелерінің түсіндірмелер жиынтығы. Барлық ережелер мысалдармен қамтамасыз етілген және қазақ тіліне аударылған. Ереже түсіндірмелерінің көрнекі, айқын әрі анық баяндалуы, грамматиканы игеру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етеді.

Бұл оқу құралы бірінші кезекте корей тілін қазақ тілінде меңгеріп жүрген студенттерге арналған, сонымен қатар корей тілін меңгеруде қызығушылық танытып жүрген немесе корей тілін «Қазақстандықтар үшін корей тілі» оқулығы бойынша үйреніп жүрген аудиторияға арналған.

This work was supported by the Core University Program for Korean Studies through the Ministry of Education of the Republic of Korea and Korean Studies Promotion Service of the Academy of Korean Studies (AKS-2015-OLU-2250007)

이에요/예요	5	와/과 같이	21
은/는	5	고 싶다	22
이/가	6	(으)니까	22
도	6	관형형 어미 ‘-(으)ㄴ’	23
에 있어요/ 없어요	7	(으)르까요?	23
이/가 아니에요	8	(으)버시다	24
아/어요	8	는 동안	25
을/를	9	지만	25
에서	9	(으)르 거예요	26
‘ㄷ’불규칙용언	10	기 전에/-(으)ㄴ 후에	26
부터 ~까지	10	관형형 어미 ‘-는’	27
에	11	‘ㅎ’불규칙용언	28
하고	11	에서~까지	28
고/ 이고	12	(으)로	29
왔/였-	12	(으)러 가다	29
에 가다/ 오다/ 다니다	13	네요	30
안	13	아/어서	30
썸	14	(으)르 수 있다/없다	31
버니다/습니다	14	때문에	31
버니까?/습니까?	15	아/어 보세요	32
마다	16	(이)나	33
‘ㄹ’탈락용언	16	기/는 것	33
께서	17	고 있다	33
(으)시-	17	는 것 같다	34
지요?	18	에게/한테/께	34
‘ㄹ’불규칙용언	18	(으)면	35
겠-	19	(으)려고 하다	35
지 않다	20	아/어야 하다	36
‘ㅂ’불규칙용언	20		
(으)세요	21		



차례

못	37	아/어 보인다	50
지 못하다	37	반말	51
(으)ㄴ/는데	38	(으)면 좋겠다	52
아/어도 되다	39	기 위해서	52
(으)면 안 되다	39	(으)려면	53
‘으’ 불규칙 용언	40	처럼/~같이	53
보다	40	고 있다 (착용)	54
관형형 어미 - (으)ㄴ (과거)	41	(으)ㄴ/는 데다가	54
(으)ㄴ 것 같다 (형용사)	41	거나	55
기 때문에	42	(으)ㄴ 때	55
아/어지다	42	지 마세요 (말다)	56
아/어야 되다	43	나/(으)ㄴ가 보다	57
(으)면서	44	에 대해서	57
아/어 주다	44	거든요	58
관형형 어미 - (으)ㄴ (미래)	45	‘ㅅ’ 불규칙 용언	59
아/어서 (계기)	46	간접화법 평서형	59
다가	46	간접화법 의문형, 명령형, 청유형	61
(으)ㄴ/는지 알다/모르다	47	(으)ㄴ 지	63
서수사	47	기로 하다	64
(으)려고	48	나요? / -(으)ㄴ가요?	65
(을)ㄴ게요	49	도록 하다	65
(으)ㄴ 적이 있다/없다	49	(으)ㄴ 테니까	66
(는)ㄴ군요	50	(으)ㄴ래요	67

1

초급 문법

~이에요/예요

Санат: Дәнекер етістік

Құрылымы: -이다 етістігі «болу» деген мағынаны береді. -이다 етістігі сөйлемде зат есімге жалғанып, баяндауыш қызметін атқарады. Зат есім баяндауыш қызметінде келгенде жіктік жалғауымен де түрленеді. **이다** қазақ тіліне аударылмайды. Алайда, ағылшын тіліндегі to be етістігімен ұқсас болып келеді. Хабарлы немесе сұраулы сөйлемдерде ауызша сөйлеу тілінің бейресми сыпайы формасы -이에요/예요. Егер зат есім дауысты дыбысқа аяқталса, онда -예요 жалғанып, ал дауыссыз дыбысқа аяқталса, -이에요 жалғанады. Хабарлы сөйлем мен сұраулы сөйлемдер сөйлеу барысында бір-бірінен тек интонация арқылы ажыратылады.

Мағынасы: -이에요/예요 кез келген есім сөзге жалғана бермейді, тек адамның кім екенін, кәсібін көрсетсе, ал заттың не екенін білдіреді. Белгілі бір ақиқаттың, деректі айқындайды, көрсетеді, сілтейді.

Мысал:

한국 사람이에요. Мен корейлікпін.

의사예요. Дәрігермін.

학생이에요. Оқушымын.

A. 이름이 뭐예요?

B. 에스볼이에요.

A. Есімің кім?

B. Есбол.

~은/는

Санат: (Тақырыптық) жалғау

Құрылымы: Зат есім немесе есімдікке жалғанады. Егер түбір дауысты дыбысқа аяқталса -는 жалғанады, ал егер түбір дауыссыз дыбысқа аяқталса, онда -은 жалғанады.

Мағынасы: Сөйлемнің негізгі мазмұнын, ойын, тақырыбын анықтауға бағытталған. Яғни, сөйлемдегі негізгі тақырыпты (субъекті) ерекше бөліп көрсету қызметі болып табылады. Сөйлемдегі басты назардағы адам немесе зат тақырып деп аталады. Яғни, сөйлем-

дегі субъектпен немесе объектпен аталып, айтылған ақпараттың маңыздылығын ерекше бөліп, көрсетеді.

Мысал:
에스볼은 카자흐스탄 사람이에요. Есбол Қазақстан азаматы.

카이라트는 가수예요. Қайрат әнші.

제 이름은 마디나예요. Менің есімім Мадина.

저는 미국 사람이에요. Мен Америка азаматымын.

~이/가

Санат: Атау септігі жалғауы

Құрылымы: Зат есімге жалғанады. Егер түбір дауысты дыбысқа аяқталса □ жалғанады, ал егер түбір дауыссыз дыбысқа аяқталса, онда □ жалғанады. Сөйлемде бастауыштың қызметін атқарады.

Мағынасы: Зат есімге жалғанып, сол зат есімнің сөйлемде бастауыштың рөлін атқарып тұрғанын көрсетеді. Атау септігінің (кім? Не?) сұрақтарына жауап береді.

사전이 있어요. Сөздік бар.

연필이 없어요. Карандаш жоқ.

학교가 어디예요? Мектеп қайда?

- A. 의자가 있어요?
- B. 아니요, 의자가 없어요.
- A. Орындық бар ма?
- B. Жок, орындық жоқ.

~도

Санат: Демеулік шылауы

Құрылымы: 도 демеулік шылауы зат есімге жалғанады.

Мағынасы: Зат есімнің жетегінде оған қосымша мән үстейді. да, де, та, те, яғни, күшейткіш демеуліктің қызметін атқарады. Қазақ тілінде да, де, та, те күшейткіш демеулік шылаулары сөзден бөлек жазылса, ал 도 шылауы сөзге жалғанып, бірге жазылады.

Ескеру: да, де, та, те демеулік шылауының бір түрі және сырт тұлғасы жағынан жатыс септіктің жалғауымен тұлғалас. Алайда, жатыс септігі жалғаулары сөзге жалғанып, оны түсіріп немесе басқа жалғаулықпен алмастыру келмесе, шылау болса, бөлек жазылады және оны басқа шылаумен алмастыруға болады. Мысалы, жасымда ғалым бар деп ескермедім. – сөйлемінде жасым ғалым бар деп ескермедім деп «да» жатыс септік жалғауын түсіріп айтуға болмайды. Ал Мен тәтті де ащы да жеймін дегенді Мен тәтті мен ащы жеймін немесе тәтті, ащы жеймін деп айтуға әбден болады.

Мысал:
칠판이 있어요. 지우개도 있어요.

Тақтай бар. Өшіргіш те бар.
카이라트 씨는 카자흐스탄 사람이에요. 에스볼 씨도 카자흐스탄 사람이에요.

Қайрат Қазақстан азаматы. Есбол да қазақстан азаматы.

- A. 강당이 있어요?
- B. 네, 강의실도 있어요.
- A. Лекция залы бар ма?
- B. Иә, аудитория да бар.

~에 있어요/없어요

Санат: Жатыс септігі (-да, -де, -та, -те) + бар, тұр, болу/жоқ, болмау
Құрылымы: Зат есімге жалғанады. 에 жатыс септік жалғауы, ал 있다/없다 қазақ тіліне аударылғанда бар/жоқ деген мағына береді. Хабарлы сөйлемдегі сыпайы формалары 있어요/없어요 басқа да сыпайы формаларда да қолданылады. –е жалғауы зат есімге жалғанып, сөйлемде пысықтауыш болады. –е жалғауы мен 있다 / 없다 сөздерінің арасында есім сөздер, үстеулер, т.б болуы мүмкін. –е жалғауы зат есімге тікелей жалғанып жазылады да 있다 немесе 없다 сөдерінен бөлек жазылады.

Мағынасы: Бұл грамматикалық конструкция белгілі бір адамның немесе заттың белгілі бір жерде бар немесе жоқ болуын, орналасуын білдіреді. Сөзбе-сөз аударатын болсақ, онда –е 있다 белгілі бір жерде бар (тұр, болу) немесе қазақшаға аударғанда 있다 аударылмай, түсіріп айтса да болады. Болымсыз сөйлем құрастыру үшін –е 없다 белгілі бір жерде жоқ (тұрған жоқ) қолданылады.

Мысал:
의사가 병원에 있어요.
Дәрігер емханада.

- A. 책이 어디에 있어요?
- B. 책이 도서관에 있어요.
- A. Кітап қайда (бар)?
- B. Кітап кітапханада (бар).
- A. 교실에 컴퓨터가 있어요?
- B. 아니요, (교실에 컴퓨터가) 없어요
- A. Аудиторияда компьютер бар ма?
- B. Жок, аудиторияда компьютер жоқ.

~이/가 아니에요

Санат: Болымсыз дәнекер етістік

Құрылымы: 아니다 етістігі 이다 етістігінің болымсыз түрі. 이다 етістігі пайдаланылған болымсыз сөйлемінде зат есімге – 이/가 атау септік жалғауы қосылып, ал 이다 етістігі өзі 아니다 айналады және зат есімнен бөлек жазылады. Егер зат есім дауысты дыбысқа аяқталса 가 жалғанады, ал дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, онда 이 жалғанады.

Мағынасы: Белгілі бір ақиқаттың, деректің шындыққа рас келмейтінін білдіреді.

Мысал:

여기는 백화점이 아니에요. Мына жер сауда орталығы емес.

A. 박지원 씨는 카자흐스탄 사람이예요?

B. 아니요, 박지원 씨는 카자흐스탄 사람이 아니에요.

A. Пак Дживон Қазақстан азаматы ма?

B. Жок, Пак Дживон мырза Қазақстан азаматы емес.

마디나 씨는 요리사가 아니에요.

Мадина аспазшы емес.

< Қараңыз – **이에요/예요** >

~아/어요

Санат: Бейресми сыпайы сөйлеу стилі жұрнағы

Құрылымы: Егер етістіктің не сын есімнің түбірі ㅏ немесе ㅑ дауысты әріптеріне аяқталса –아요 жазылады, ал қалған жағдайларда –어요 жалғанады. Егер етістік не сын есім ㅏ/ㅑ аяқталса, онда 해요 жалғанады. Кейбір етістіктердің түбірінің өзінде ㅏ/ㅑ дыбысы бар болады. Ондай жағдайларда бір ғана ㅏ/ㅑ дыбысы жазылады. Мысалы, 자다 + 아요 = 자요 деп жазылады. 자 етістіктігінің түбірінде дауысты дыбыс ㅏ бар болғандықтан оған –아요 жалғанады және 자아요 деп жазылмайды. Егер етістіктің түбірі ㅡ дыбысына аяқталатын болса, онда ㅡдыбысы ㅏ дыбысына ауысады.

Мысалы, 크다 + 어요 = 커요. 크어요 болмайды. Егер етістіктің түбірі ㅏ/ㅑ дыбысына аяқталатын болса, онда түбірге 아요 қосылған кезде ㅏ/ㅑ дыбысы ㅑ/ㅑ дыбысына айналады. Мысалы, 마시다 + 어요 = 마셔요. 마시어요 болмайды.

Мағынасы: 아/어요 жұрнағы етістіктің түбіріне жалғанып, осы шақ етістігін құрады.

Ескеру: Корей тілінде әр түрлі сөйлеу стильдері бар. Ол стильдер әңгімелесушінің жасына немесе онымен қарым-қатынасыңызда иерархияға байланысты сөйлеу стильдерін саралап таңдап, сөйлеуіңіз керек. Мысалы, бейресми сыпайы сөйлеу стилі келесі жағдайларда көптеп қолданылады: бейтаныс адамдар арасында, әсіресе аға буын арасында; бейтаныс немесе таныс адамдар арасында (егер араларындағы қарым-қатынастары жақын емес болса); ресми сыпайы сөйлеу стилінің баламасы ретінде бейтаныс

жастар арасында және шетелдіктерге арналған тілашарларда қолданылады.

Мысал: 마디나 씨는 쉬어요.

Мадина демалып жатыр.

친구가 산책해요.

Достар серуендеуде.

에스볼 씨는 주스를 마셔요.

Есбол шырын ішіп отыр.

저는 텔레비전을 봐요.

Мен теледидар қарап отырмын.

~을/를

Санат: Табыс септігі жалғауы

Құрылымы: Зат есім дауысты дыбысқа аяқталса, онда –를 жалғанады, ал дауыссыз дыбысқа аяқталса –을 жалғанады.

Мағынасы: –을/를 жалғауы зат есімге жалғанып, сөйлемде тура толықтауыш қызметін атқарады. Әрекет бағытталған затты білдіреді. Қазақ тіліндегі –ны, –ні, –ды, –ді, –ты, –ті табыс септігі жалғауларына сәйкес келеді.

Мысал: 민수는 친구를 만나요.

Минсу досты кездестіреді.

마디나 씨는 책을 읽어요.

Мадина кітап(ты) оқып отыр.

에스볼은 과일을 먹어요.

Есбол жеміс(ті) жеп отыр.

~에서

Санат: Жалғауы

Құрылымы: Қазақ тіліндегі жатыс септігінің жалғауымен сәйкес келеді. Зат есімге жалғанады.

Мағынасы: –에서 жалғауы зат есімге жалғанып, іс-әрекеттің орнын анықтайды, яғни, іс-әрекеттің белгілі бір жерде болып жатқанын, болғанын немесе болатынын көрсетеді. Қазақ тіліндегі -да, -де, -та, -те жатыс септігі жалғауларына сәйкес келеді.

Мысал: 저는 식당에서 밥을 먹어요.

Мен асханада ас ішіп отырмын.

유진 씨는 영화관에서 영화를 봐요.

Юджин кино театрда кино(ны) қарап отыр.

마디나 씨는 서점에서 책을 사요.

Мадина кітап дүкенінде кітап(ты) сатып алып жүр.

민수 씨는 도서관에서 책을 읽어요.

Минсу кітапханада кітап оқып отыр.

‘ㄷ’ 불규칙용언

Құрылымы: Егер етістіктің түбірі (соңғы буыны) ㄷ әріпіне аяқталалып, одан кейін дауысты дыбыстан басталатын буын жалғанатын болса, онда ㄷ әріпі жазылмай ол ㄹ әріпіне ауысады. Келесі сөздер осы ережеге бағынбайды: 달다, 받다, 믿다.

듣다+ 어요=들어요 달다+ 아요=달아요
 걷다+ 어요=걸어요 받다+ 아요=받아요 ережеге бағынбайды
 묻다+ 어요=물어요 믿다+ 어요=믿어요

Мысал:
 저는 라디오를 자주 들어요. Мен радионы жиі тыңдаймын.
 나기마 씨는 공원에서 걸어요. Нагима паркте жаяу жүр.
 학생이 창문을 닫아요. Оқушы терезені жауып жатыр.
 엄마는 편지를 받아요. Анам хатты алады.


~부터 ~까지

Санат: Жалғау

Құрылымы: Қазақ тіліндегі шығыс септігі (부터) жалғауы мен батыс септігі (까지) жалғауларына сәйкес келеді. Зат есімге (уақытты білдіретін) жалғанады.

Мағынасы: Белгілі бір іс-әрекеттің немесе құбылыстың бір мезгілде басталып, белгілі бір мезгілге дейін аяқталғанын немесе белгілі бір дененің бір жерден басқа жерге ауысқанын, қимылын білдіреді. Қазақ тіліне 부터 «бастап» деп аударуға болса, 까지 «дейін» деп аударуға болады.

Мысал:
 9시부터 3시까지 아르바이트를 했어요.
 Сағат 9-дан бастап, сағат 3-ке дейін қосымша жұмыс істедім.
 6월 25일 부터 8월 31일까지 여름 방학이에요.
 Маусымның 25-сінен бастап тамыздың 31-іне дейін жазғы демалыстар.
 A. 언제 한국어 수업이 있어요?
 B. 일요일부터 금요일까지 한국어 수업이 있어요.
 A. 코рей тілі сабақтарын қашан болады?
 B. Дүйсенбіден бастап, жұмаға дейін корей тілі сабағы болады.



~에

Санат: Жалғау

Құрылымы: Қазақ тіліндегі жатыс септігіне сәйкес келеді. Зат есімге (уақытты білдіретін) жалғанады.

Мағынасы: -에 жалғауы зат есімге жалғанып, уақытты, мезгілді анықтайды және іс-әрекеттің немесе жағдайдың қашан орын алғанын көрсетеді. -에 жалғауы -어제 «кеше», 오늘 «бүгін», 내일 «ертең», 모레 «бүрсігүні», 그저께 «алдыңғыгүні» деген сияқты мезгіл үстеумен байланысты сөздерге жалғанбайды.

Мысал:
 이번 주 토요일에 친구들과 극장에서 만나요. Осы апта сенбі күні достарыммен театрда кездесемін.
 마디나 씨는 5월에 한국에서 왔어요. Мадина мамыр айында Кореядан келеді.
 나기마 씨는 주말에 집에서 폭 쉬어요. Нагима демалыс күндері үйінде жақсылап демалады.

- A. 언제 도서관에 가요?
- B. 내일 오전 9시에 도서관에 가요.
- A. کتابخانهға қашан барасын?
- B. Ертең таңғы 9-да кітапханаға барамын.

~하고

Санат: Шылау


Құрылымы: Зат есімге жалғанады. Зат есіммен бірге жазылады. Бірнеше зат есімге жалғап жазуға болады.

Мағынасы: -하고 шылауы екі немесе одан да көп зат есімдерді атап не санап шығу үшін қолданылады. Қазақ тіліндегі мен, бен, пен, және жалғаулық шылауының ыңғайластық мәніндегі жалғаулықтарна сәйкес келеді.

Мысал:
 저는 비빔밥하고 불고기를 좋아해요. Мен пибипап пен пулькогиді жақсы көремін.

백화점에서 바지하고 티셔츠를 사요. Сауда үйінде шалбар мен жеңіл жейдені сатып аламын.

월요일하고 목요일에 공원에서 운동해요. Дүйсенбі мен жұма күндері саябақта спортпен шұғылданамын.



- A. 교실에 누가 있어요?
 B. 교실에 선생님하고 부모님하고 학생들이 있어요. Аудиторияда кімдер бар?
 Аудиторияда мұғалім, ата-аналар және оқушылар бар.

~고/이고

Санат: Журнал

Құрылымы: Етістіктің, сын есімнің түбіріне немесе зат есімге жалғанады. Зат есімге ^ㅇ고 жалғанады, ал етістіктің немесе сын есімнің түбіріне ^ㅇ고 жалғану арқылы жасалады.

Мағынасы: Етістікке жалғанса, бірнеше әрекетті атап шыққанда қолданылады немесе бір іс-әрекеттің аяқталуынан кейін басқа іс-әрекеттің жалғасқанын көрсетеді. Қазақ тіліне көсемше арқылы аударылады. Сын есімге жалғану арқылы, бірнеше сын есіммен сипаттап, суреттеп беру қызметін атқарады. Ал егер зат есімге жалғанатын болса, екі затты салыстыру қызметін атқарып, қазақ тіліне «ал» деп аударылады. Екі жай сөйлемді біріктіретіндіктен, сөйлемнің ортасында кездеседі.

Мысал:
 저는 청소하고 설거지를 했어요. Мен үй жинап, ыдыс жудым.

마디나 씨는 착하고 똑똑해요. Мадина ақкөңіл және ақылды.

저는 식당에서 밥을 먹고 집에 갔어요. Мен асханада тамақ ішіп, үйге қайттым.

준영 씨는 책을 읽고 유나 씨는 음악을 들어요. Джунен кітап оқып отыр, ал Юна музыка тыңдап отыр.

아버지는 경찰이고 어머니는 의사예요. Әкем полиция қызметкері, ал анам дәрігер.

~았/였

Санат: Өткен шақ суффиксі

Құрылымы: Етістіктің немесе сын есімнің түбіріне жалғанады. Егер етістіктің немесе сын есімнің түбірінің соңғы буынында ㅏ немесе ㅑ дауысты дыбыстары кездесе, онда ^ㅇ았 жалғанады, ал қалған жағдайларда ^ㅇ였 жалғанады. Егер етістік немесе сын есім ^ㅇ하다 аяқталатын болса, ол ^ㅇ했 немесе ^ㅇ하였 түрленеді. Бейресми сыпайы сөйлеу стилінде толық нұсқасы ^ㅇ았/^ㅇ였어요 болса, ^ㅇ하다 аяқталған етістіктер немесе сын есімдер үшін ^ㅇ했어요/^ㅇ하였어요 болады.

Мағынасы: ^ㅇ았/^ㅇ였 жұрнағы етістік немесе сын есім түбірінен кейін жалғанып, өткен шақты білдіреді.

Мысал:
 저는 도서관에서 책을 읽었어요. Мен кітапханада кітап оқыдым.

어제 운동장에서 운동을 많이 했어요. Кеше спортзалда спортпен шұғылдандым.

어제 배가 고팠어요. 그래서 라면을 많이 먹었어요. Кеше қарным ашты. Сондықтан 라면\ды көп жегенмін.

어제 백화점에서 구두를 샀어요. 구두는 너무 비쌌어요. Кеше сауда үйінде аяқ киім сатып алдым. Аяқ киім өте қымбат болды.

제 어머니는 은행원이었어요. Менің анам банк қызметкері болды.

~에 가다/오다/다니다

Санат: Барыс септігі жалғауы + бару (가다), келу(오다), жүру(다니다) етістіктер

Құрылымы: Зат есімге жалғанады. ^ㅇ에 жұрнағы зат есімге тікелей жалғанып, ал ^ㅇ가다/^ㅇ오다/^ㅇ다니다 сөздері бөлек жазылады.

Мағынасы: Сөйлеушінің немесе әңгіме қылып жатқан объектің бір жерден басқа жерге жүруін, баруын көрсетеді. Яғни, қимылдың бағытын білдіреді.

Мысал:
 친구가 공원에 가요. Досым саябаққа барады.

저녁에 친구가 집에 와요. Кешке үйге досым келеді.

민수씨는 회사에 다녀요. Минсу компанияда жұмыс істейді.

- A. 주말에 어디에 가요?
 B. 영화관에 가요.
 A. 데مالыста кайда барасын?
 B. Кинотеатрға барамын.

~안

Санат: Болымсыз сөйлем көмекші сөзі

Құрылымы: Етістіктің алдында қолданылады. Шақтарға өзгермейді. Яғни, өзіне ешқандай жалғау немесе жұрнақты жалғамайды. Бастапқы формасында қалып, тіркесіп келген сөзден бөлек жазылады.

Мағынасы: Белгілі бір қимыл, іс-әрекеттің болмауын, жүзеге аспауын білдіреді немесе белгілі іс-әрекетті орындамауға ниетсіздікті білдіреді.

Мысал: 어머니는 시장에서 과일을 안 샀어요.

Анам базарда жеміс сатып алған жоқ.

주말에 수영장에 안 가요. Демалыс күндері жүзу бассейіне бармаймын.

돼지 고기를 많이 안 먹어요. Шошқа етін көп жей бермеймін.

A. 어제 친구를 만났어요?

B. 아니요, 친구를 안 만났어요. Кеше достарыңмен кездестін ба?

Жоқ, достарыммен кездескен жоқпын.

~쫘

Санат: Септеулік шылау (атау септік)

Құрылымы: Зат есімге жалғанады. Әсіресе, сандық, мөлшерлік ұғымды білдіретін сандық сөздермен (бір тал, ай, жыл, апта т.с.с.) қолданылады. Тіркесіп келетін сөзбен бірге жазылады. Зат есімдермен бірге жазылады.

Мағынасы: Қазақ тіліне тарта, таяу, шамамен, шамасы, жуық деп аударылады.

Мысал:

교실에 의자가 10개쯤 있어요. Аудиторияда 10 шақты орындық бар.

다음 주쯤 고향에 가요. Шамамен келесі аптада Отаныма барамын.

6시쯤 쇼핑해요. Шамамен сағат 6 да шопингке барамын.

A. 서점에서 책을 몇 권 샀어요?

B. 책을 5권쯤 샀어요.

A. Kitap дүкенінде шамамен неше кітап сатып алдың?

B. Шамамен 5 кітап сатып алдым.

~니다/습니다, ~았/었습니다

Санат: Ресми сыпайы сөйлеу стилінің хабарлы сөйлем формасы

Құрылымы: Егер етістік немесе сын есім түбірі дауысты дыбысқа аяқталатын болса, онда -니다 жалғанады, ал егер етістік немесе сын есім түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, -습니다 жалғанады. Сонымен қатар, зат есімдерден кейін -입니다 жалғанады. -았/었습니다 жалғауы ресми сыпайы сөйлеу стилінің өткен шақты білдіретін жалғауы болып табылады. Яғни, етістік немесе сын есім түбірінің соңғы буынында а және о дауысты дыбыстары кездессе, -았습니다 жалғанып, ал қалған жағдайларда 있습니다 жалғанады. Егер етістік немесе сын есім 하다 аяқталатын болса, онда ол өткен шақта -했습니다 немесе -하였습니다 болып өзгереді. Зат есімдерден кейін -이었습니다 жалғанады. Ассимиляция заңына сәйкес, яғни бір дыбыстың екінші дыбысқа ықпал ету заңына сәйкес ㅂ әріпіне аяқталған буыннан кейін келесі буын ㄷ әріпінен басталатын болса, онда ㅂ әріпі ㅍ дыбысы болып оқылады. Келесіге назар аударыңыздар: -니다/

습니다[ㅁ 니다/습니다], 입니다 [입니다], -았/었습니다 [-았/었습니다].

Мағынасы: -니다/습니다 етістікке немесе сын есімге жалғанып осы шақ, ал -았/었습니다 өткен шақ етістігін құрады. Яғни, қазақ тіліндегі сыпайы осы шақ және өткен шақ жұрнақтарына сәйкес келеді. Ресми сыпайы сөйлеу стилі болып табылады. -니다/습니다, -았/었습니다 хабарлы сөйлем формасы.

Ескеру: Корей тілінде сөйлеу стилінің 7 түрі бар. Бірақ олардың 4-і ғана күнделікті өмірде жоғары қолданысқа ие. Солардың бірі ресми сыпайы сөйлеу стилі болып табылады.

Мысал:

도서관에서 한국어를 공부합니다.

Kitapxanada korey tilin okimyn.

집에서 텔레비전을 봅니다

Үйде теледидар көремін.

에스볼 씨는 8시 15분에 아침을 먹습니다.

Есбол сағат 8:15-те таңғы асын ішеді.

보통 밤 열한 시에 잡니다. Әдетте түнгі сағат он бірде ұйықтаймын.

나기마 씨는 오전에 한국어를 공부했습니다.

Нагима таңертен корей тілін оқыды.

오후 2시 50분에 친구를 만났습니다.

Күндізгі сағат 2:50-де достарымды кездестірдім.

식당에서 점심을 먹었습니다.

Асханада түстік асымды іштім.

~니까?/습니까?, ~았/었습니다까?

Санат: Ресми сыпайы сөйлеу стилінің сұраулы сөйлем формасының жұрнағы

Құрылымы: Егер етістік немесе сын есім түбірі дауысты дыбысқа аяқталатын болса, онда -니까? жалғанады, ал егер етістік немесе сын есім түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, -습니까? жалғанады. Сонымен қатар, зат есімдерден кейін -입니까? жалғанады. -았/었습니다까? жалғауы ресми сыпайы сөйлеу стилі етістіктің өткен шақтағы сұраулы сөйлем формасы болып табылады. Яғни, етістік немесе сын есім түбірінің соңғы буынында а және о дауысты дыбыстары кездессе, -았습니다까 жалғанып, ал қалған жағдайларда -었습니다까 жалғанады. Егер етістік немесе сын есім 하다 аяқталатын болса, онда ол өткен шақта -했습니까? немесе -하였습니다까? болып өзгереді. Зат есімдерден кейін -이었습니다까? жалғанады.

Мағынасы: -니까? /습니까? етістікке немесе сын есімге жалғанып осы шақ, ал -았/었습니다까? өткен шақ етістігін құрайды. Ресми сыпайы сөйлеу стилі болып табылады. -니까/습니까?, -았/었습니다까? сұраулы сөйлем формасы.

Мысал:
 오늘 오후에 병원에 갑니까?
 Бүгін түстен кейін ауруханаға барасың ба?
 보통 몇 시에 일어납니까?
 Әдетте сағат нешеде ұйықтайсың?
 이 사람은 누구입니까?
 Бұл кісі кім?
 어제 공원에서 운동했습니까?
 Кеше паркте спортпен шұғылдандың ба?

~마다

Санат: Белгісіздік есімдік

Құрылымы: Зат есімге жалғанады. Жалғанған зат есіммен бірге жазылады. Сонымен қатар, өзінен кейін де басқа жұрнақ не жалғауларды жалғай алады. Мысалы, *마다는, 마다도, 마다의*.

Мағынасы: Қазақ тілінде әр, әр... сайын, әрбір, әркім деген мағынаға ие.

Мысал:
 저는 주말마다 운동을 합니다. Мен әр демалыс сайын спортпен шұғылданамын.
 일요일마다 극장에서 영화를 봅니다.
 Әр жексенбі кинотеатрда кино көремін.
 토요일마다 시장에 갑니다.
 Әр сенбі (сайын) базарға барамын.
 주말마다 집에서 청소합니다.
 Әр демалыс үйді жинаймын.

‘ㄹ’탈락용언

Құрылымы : Етістіктің түбірі «ㄹ» дыбысына аяқталатын болса, ал одан кейінгі жалғанатын буын 'ㄴ, ㅂ, ㅅ' дыбытарынан басталатын болса, онда 'ㄹ' түсіп қалып, айтылмайды және хатта жазылмайды.

Жазылу сызбасы:
 알 다
 는 → 알+ 는 → 아는
 ㅂ니다 → 알+ ㅂ니다 → 압니다
 세요 → 알+ 세요 → 아세요

Мысал:
 저는 기숙사에서 삽니다. Мен жатақханада тұрамын.
 편의점에서 신문을 팝니다. Дүкенде газетті сатамын.

마다나 씨는 박 선생님을 압니다. Мадина Пак мұғалімді таниды.

A. 무엇을 만듭니까?
 B. 케이크를 만듭니다.
 Не әзірлейсің?
 Торт әзірлеймін.

~께서

Санат: Атау септігі жалғауы

Құрылымы: *께서* зат есімге жалғанады. Ол *이/가* жалғауының сыпайы түрі болса, *께서* *는* *-은/는* жалғауының түрі болып табылады. Жанды зат есімге ғана жалғанады.

Мағынасы: Жасы үлкендерге немесе әлеуметтік жағдайы жағынан сөйлеушіден жоғары адамға құрметін білдіру үшін қолданылады.

Ескеру: Егер *께서* жалғауын сөйлемде қолданатын болса, онда сөйлем толығымен сыпайы түрде, яғни ресми сыпайы сөйлеу стилінде жазылу керек және сыпайы сөйлеу стилінде ғана қолданатын (*택, 생신, 드시다, 계시다* т.б.) сөздерді де бірге қолданған абзал. Бұл жалғауды *-는, -도, -라도, -야* және тағы сол сияқты жалғау, жұрнақтармен бірге қолданса да болады.

Мысалдар:
 부모님께서는 고향에 사십니까?
 Ата анаңыз туған жеріңізде өмір сүре ме?
 모두 웃었어요. 할아버지께서도 많이 웃으셨어요.
 Бәрі күлді, әже де көп күлді.
 할머니께서 택에 계십니다.
 Әже үйде жүр.
 박 선생님께서는 한국어를 가르치십니다. Пак мұғалім корей тілін оқытады.

~(으)시

Санат: Құрмет, ізетті білдіретін жұрнақ

Құрылымы: Етістіктің, сын есімнің немесе зат есімнің түбіріне жалғанып, сөйлемде баяндауыштың қызметін атқарады. Егер етістіктің немесе сын есімнің түбірі дауысты дыбысқа аяқталатын болса, онда *-시*, ал егер дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса *-(으)시* жалғанады. Зат есімнің түбіріне *-이시* жалғанады.

Мағынасы: Осындай жұрнақ жалғанған етістік немесе сын есім сөйлеушінің тыңдаушыға немесе сөз қылып отырған адамға ізет пен құрметін білдіртіп тұрғанын көрсетеді.

теді. Көбінесе тыңдаушының немесе сөз қылып отырған адамның жасы сөйлеушіден көп болған жағдайда немесе мәртебесі, ахуалы жоғары болғанда қолданылады. Ешқашан сөйлеуші өзі туралы айтып атырғанда қолданылмайды. Яғни, 1-ші жақта қолданылмайды.

Мысал:

부모님께서는 아스타나에 사십니다.

Ата-анам Астанада тұрады.

우리 아버지는 호텔에서 일하십니다. 호텔 요리사이십니다.

Әкеміз қонақ үйде жұмыс істейді. Қонақ үйдің аспазшысы.

A. 할아버지께서 무엇을 하십니까?

B. 할아버지께서는 방에서 신문을 보십니다.

A. Атаңыз не істеп отыр?

B. Ата бөлмеде газет оқып отыр.

~지요?

Санат: Жалғау

Құрылымы : Зат есімге немесе етістіктің, сын есімнің түбіріне жалғанады. Әрқашан сөйлем соңында келеді және қортындылаушы жалғау ретінде қолданылады. Хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемде де қолданылады. Алайда, сөйлемнің түріне қарай сөйлем соңындағы интонациясы өзгереді.

Мағынасы: Сөйлеушінің естіген немесе алдын ала білген ақпараттың шындыққа сәйкес келетінін растау мақсатындағы қайта қойылған сұрағы. Қазақ тіліне аударғанда «солай ғой?», «расында солай емес пе?», «ғой» деп аударса болады.

Мысал:

A. 한국 대학교 학생이지요?

B. 네, 맞아요.

A. Ханкук университетінің студенті, солай емес пе?

B. Иә, солай.

A. 시험이 어려웠지요?

B. 네, 조금 어려웠어요.

A. Емтихан қиын болды, солай емес пе?

B. Иә, кішкене қиындау болды.

A. 오늘이 7월31일지요?

B. 아니요, 오늘은 7월 30일이에요.

A. Бүгін шілденің 31-і ғой, иә?

B. Жок, бүгін шілденің 30-ы.

‘르’ 불규칙용언

Құрылымы : Етістіктің түбірі 르 дыбысына аяқталатын болса, ал одан кейін дауысты дыбыстан басталатын -아(어/여)서, -아(어/여)요, -았(였/였) 습니다 жалғаулары жалғанатын болса, онда 르 буынының о дауысты дыбысы түсіп қалып, ал қалған 르 дыбысы екі еселенеді. Яғни, бастапқыда түбірде болған 르 дыбысы келесі буында да жазылады.

Жазылу сызбасы:

모르 다
→ 모르+ 아요 → 몰+ 르+ 아요 → 몰라요

빠르 다
→ 빠르+ 아요 → 빨+ 르+ 아요 → 빨라요

Мысал:

비행기가 더 빨라요. Ушақ өте жылдам.

친구 전화번호를 몰라요. Досымның телефонын білмеймін.

한국어 문법은 러시아어 문법과 달라요. Корей тілі грамматикасы мен орыс тілі грамматикасы бір-бірінен өзгеше.

민준 씨가 무슨 노래를 불렀어요? Минждун қандай ән айтты?

~겠~

Санат: Келер шақ жұрнағы

Құрылымы : -겠- етістікке жалғанады.

Мағынасы: Бұл грамматикалық құрылымды қолданудың бірнеше аясы бар. Ол біреудің ойын, пікірін сұрағанда, сөйлеушінің істейін деп жатқан әрекеті жайлы немесе болашақта болайын деп жатқан әрекет туралы айтқанда, өз болжауларын білдірткенде және белгілі бір мүмкіндіктер жайлы айтқанда қолданылады. 1-ші жақ пен 2-ші жақта қолданылған жағдайда, айтушының белгілі бір істі жүзеге асырудағы ниетін, ой пиғылын және пікірін немесе болжауын білдіреді. Қазақ тіліндегі келер шаққа сәйкес келеді.

Мысал:

A: 뭘 드시겠습니까?

B: 비빔밥을 먹겠습니다.

A. Не жейсіз? (Не жегенді қалайсыз?)

B. Пибимпап жеймін.

저와 같이 점심을 드시겠습니까? Бірге түстенейік?

오늘부터 담배를 끊겠어요. Бүгіннен бастап темекі тартуды тастаймын.

날씨가 흐려서 비가 오겠습니다. ауа райы бұзылғандықтан жаңбыр жауады (немесе жауады деп ойлаймын, жауатын сияқты. Яғни өз ойын, болжамын білдіріп отыр)

도와주시면 감사하겠습니다. Көмектессеңіз сізге риза боламын.

~지 않다

Санат: Болымсыздық қосымша

Құрылымы : Етістіктің немесе сын есімнің түбіріне жалғанып, қолданылады. -
지 жұрнағы тікелей етістіктің түбіріне жалғанады, ал 않다 сөзі етістікпен тіркесіп, қол-
данылады.

Мағынасы: Белгілі бір қимыл, іс-әрекеттің немесе құбылыстың болмауын, жүзеге ас-
пауын білдіреді.

Мысал:
민수 씨는 생선을 좋아하지 않아요.

Минсу балық (жеуді) ұнатпайды.
저는 내일 학교에 가지 않겠어요.

Мен ертең мектепке бармаймын.
영화가 무섭지 않았어요.

Фильм қорқынышты болған жоқ.
할머니께서는 지금 댁에 계시지 않습니다. 나중에 전화하세요.

Әжем қазір үйде емес. Кейінірек қоңырау шалыңыз.

‘ㅂ’ 불규칙 용언

Құрылымы : Егер етістіктің немесе сын есімнің түбірі «ㅂ» дауыссыз дыбысына аяқталатын болса, ал одан кейінгі буын дауысты дыбысқа басталатын жағдайда, «ㅂ» дыбысы
오 немесе 우 дыбысына ауысады. Яғни, «ㅂ» орнына 오 немесе 우 жазылады.

Назар аударыңыз! Егер ㅂ дыбысы алдында келетін буында 오 дауысты дыбысы бола-
тын болса, онда ㅂ дыбысы-ға айналады, ал егер ㅂ дыбысы алдында келетін буында
오 дауысты дыбысы БОЛМАСА, онда ㅂ дыбысы 우-ға айналады.

Жазылу сызбасы:

돕 다
아서→돕+ 아서→도+ 오+ 아서→도와서

어렵 다
어서→어렵+ 어서 →어려+ 우+ 어서 →어려워서

Ескеру:

Келесі сөздер ережеге бағынбайды:
입다, 잡다, 씹다, 줍다, 낚다

Мысал:

김치찌개가 좀 매워요. Кимчи чжигэ ашты.
알라타우 산이 아름다워요. Алатау таулары әдемі.
강아치가 아주 귀여워요! Күшік сондай сүйкімді!
누르술탄는 겨울에 정말 추워요. Нұр-Сұлтан қызта өте суық.



~(으)세요

Санат: Етістіктің сыпайы бұйрық райы

Құрылымы : Етістіктің түбіріне жалғанады. Егер етістіктің түбірі дауыссыз дыбысқа
аяқталатын болса, -(으)세요 жалғанады, ал дауысты дыбысқа аяқталатын болса, -세요
жалғану арқылы жасалады.

Мағынасы: Сөйлеушінің белгілі бір іс-әрекетті орындауға үгіттеп, сөйлеушінің
өтінішін білдіреді. Сонымен қатар, сыпайы түрде сұрақ қою және сыпайы түрде жауап
қайтарғанда қолданылады.

Мысал:

이 주스 다섯 병 주세요. Осы шырыннан 5 бөтелкесін беріңіз.
여기 앉으세요. Осында отырыңыз.

A. 뭘 드시겠어요?

B. 비빔밥을 주세요.

A. 비빔밥이요?

잠깐만 기다리세요.

A. Не жейсіздер (қалайсыз)?

B. 피빔밥 беріңіз(ші).

A. 피빔밥? Сәл күте тұрыңыз.

~와/~과 같이


Санат: Көмектес септік жалғауы + бірге

Құрылымы : Зат есімге жалғанады. Егер зат есім дауысты дыбысқа аяқталса,
зат есім + 와 같이 қолданылады, ал егер зат есім дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса,
онда зат есім + 과 같이 қолданылады. 같이 сөзі зат есімне бөлек жазылып бірге деген
мағына береді. Ал 와/과 тікелей зат есімнің өзіне жалғанып жазылады.

Мағынасы: Зат есімдерге жалғанып, екі немесе одан да көп адамдардың біріккен әре-
кетін білдіреді. 와/과 жалғауы қазақ тіліне «мен, бен, пен» немесе «және» деп аударылса,
같이 бірге деп аударылады. Сондай мағынада 와/과 함께, 하고 같이, 하고 함께 сино-
нимдес конструкцияларды қолдануға болады. 함께 сөзі де «бірге» деп аударылады, алай-
да, көп жағдайларда ауызекі сөзде көп қолданылады.

Мысал:

저는 친구와 같이 도서관에서 한국어를 공부해요.
Мен досыммен бірге кітапханада корей тілін оқимын.
저는 가족과 같이 저녁을 먹습니다.
Мен отбасыммен бірге кешкі ас ішемін.
유나는 마디나와 함께 쇼핑했어요.



Юна Мадинамен бірге дүкен аралады.
친구하고 같이 영화를 봐요. Досыммен бірге кино қараймын.

~고 싶다/ ~고 싶어하다

Санат: Қалау рай

Құрылымы : Қимыл іс-әрекетті білдіретін етістіктерге ғана жалғанады. 1-ші және 2-ші жақта етістіктің түбіріне -고 싶다 жалғанса, 3-ші жақта -고 싶어하다 жалғану арқылы жасалады. -고 жұрнағы тікелей етістіктің түбіріне жалғанады, ал 싶다 сөзі етістікпен тіркесіп, қолданылады.

Мағынасы: Белгілі бір іс иесінің қимылды, іс-әрекетті қалауын, соған ынтасын, ниетін білдіреді.

Мысал: 내일부터 방학입니다. 친구와 같이 국내 여행을 하고 싶습니다.

Ертеңнен бастап демалыс. Досыммен бірге ел ішінде саяхаттағым келеді.

마디나 씨는 비빔밥을 먹고 싶어해요.

마дина пибимпап жегісі келеді.

날씨가 좋아요. 친구를 만나고 싶어요.

Ауа-райы керемет. Достарыммен кездескім келеді.

A. 저는 차린 계곡에 가고 싶어요. 어때요?

B. 저도 차린 계곡에 가고 싶어요. 옛날부터 가고 싶었어요.

A. Мен Шарын каньонына барғым келеді. Қалай (сен ше)?

B. Мен де Шарын каньонына барғым келеді. Бұрыннан барғым келген.

~ (으)니까

Санат: Себеп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем немесе себеп –салдарлық, қатынасты білдіретін жалғаулық шылау

Құрылымы : Етістіктің, сын есімнің түбіріне немесе зат есімге жалғанады. Егер түбір дауысты дыбысқа аяқталатын болса, -니까 жалғанады, ал дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, онда -으니까 жалғанады. Зат есімге 이니까 жалғану арқылы жасалады.

Мағынасы: Белгілі бір іс-әрекеттің орындалу немесе орындалмау себебін білдіреді. 으니까 жалғанған сөйлемнің бірінші бөлігі себебі болса, оның шешімі немесе нәтижесі сөйлемнің екінші бөлігінде пайда болады. Яғни, 으니까 бағыныңқы сөйлеміне жалғанса, нәтижесі мен шешімі басынқы сөйлемінде байқалады.

Мысал: 지금 바쁘니까 다음에 전화하겠습니다.

Қазір қолым бос емес, сондықтан кейін қоңырау шаламын.

내일은 일요일이니까 학교에 가지 않습니다.

Ертең жексенбі болғандықтан мектепке бармаймын.

민수 씨도 아침을 먹지 않았으니까 민수 씨와 같이 드세요.

Минсу да таңғы асын ішпегендіктен Минсумен бірге ішіңіз.

한국에서 살았으니까 한국말을 좀 할 수 있어요.

Кореяда өмір сүргендіктен корей тілінде сөйлей аламын.

날씨가 좋으니까 공원에 같이 가요.

Ауа-райы жақсы болғандықтан бірге паркке жүр.

관형형어미~ (으)ㄴ

Санат: Осы шақ құратын жұрнақ

Құрылымы : Осы шақта сын есімнің түбіріне немесе 이다, 아니다 етістіктеріне жалғанады. 이다, 아니다 етістіктеріне және егер сын есімнің түбірі дауысты дыбысқа немесе ㄹ әріпіне аяқталатын болса, -ㄴ жалғанады. Ал, егер сын есімнің түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, 은 жалғанады.

Мағынасы: Зат есімнің алдында келетін сын есімнің түбіріне жалғанады. Осылайша, сөйлемде зат есімді анықтайтын сөзді білдіреді. Әдетте сын есім етістіктер сияқты сөйлемнің соңында келеді. -(으)ㄴ грамматикалық құрылымы сөйлем соңында келмейді. Сөйлем басында немесе ортасында кездеседі.

Мысал: 찬 옷을 사고 싶어서 시장에 갔어요.

Арзан киім сатып алғым келген соң, базарға бардым.

나기마 씨는 오늘 예쁜 옷을 입었어요.

Нагима бүгін әдемі көйлегін киді.

넓은 집에서 살고 싶어요.

Кең болмелі үйде өмір сүргім келеді.

에스볼은 친절한 사람입니다.

Есбол мейірімді адам.

매운 음식을 먹고 싶어요.

Ащы тағам жегім келеді.

~ (으)ㄴ까요?

Санат: Сұраулық демеулік

Құрылымы : Етістік түбіріне және зат есімге де жалғанады. Егер етістіктің түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, етістік түбіріне -을까요?, ал дауысты дыбысқа аяқталатын болса, онда етістік түбіріне -ㄴ까요? жалғанады. Егер етістіктің түбірі ㄹ дыбысына аяқталатын болса, онда тек-까요? өзі ғана жалғанады. Зат есімге -일까요? жалғанады. Егер өткен әрекет жайында сұрайтын болсақ, онда өткен шақ жұрнағы жалғанып -았/었/였을까요? болып түрленеді.

Мағынасы: Бұл грамматикалық құрылым сөйлеушінің тыңдаушыға белгілі бір әрекетті бірге орындауға шақыруды, ұсынуды білдіреді. Тағы бір мағынасы тыңдаушының белгілі бір әрекетті орындау жайында ойын сұрауды білдіреді немесе қандай да бір қалауларын, тілектерін бар не жоқ екенін анықтау мақсатында қойылатын сұрақты біл-

діреді. Қазақ тіліне «істейік пе?» немесе «қалай қарайсың?» және т.с.с. контекстіге байланысты тағы басқа да аудару нұсқалары болады. Өткен шақта қолданылған жағдайда, тындаушының белгілі бір әрекет, құбылыс жайында ойын немесе пікірін білуді аңғартады.

Бұл грамматикалық құрылымды тағы бір қолдану нұсқасы ол - сөйлеушінің өз өзіне сұрақ қоюы. Яғни, бір әрекетті істеу не істемеуді ойлауы, бірақ бұл ойын дауыстап айтуды білдіреді. (мысалдың асты сызылған)

Мысал:

점심을 같이 먹을까요? Түскі асты бірге ішейік пе?
저 사람이 선생님일까요? (қалай ойлайсыз) Бұл кісі мұғалім ба екен?

- A. 음료수를 마실까요?
 - B. 좋아요. 어떤 음료수를 마실까요?
 - A. 콜라를 마시고 싶어요.
 - A. Сусын ішейік пе ? (сысын ішсек, қалай қарайсыз?)
 - B. Жарайды, қандай сусын ішеміз?
 - A. 콜라 이шкім келеді.
- 밥을 먹을까?
Тамақ ішсем ба екем?

~(으)십시오

Санат: Бұйрық рай

Құрылымы :Етістіктің түбіріне жалғанады. Егер етістік дауыссыз дыбысқа аяқталса, -읍시다 жалғанады, ал дауысты дыбысқа аяқталатын болса, онда түбіріне -십시오 жалғанады.

Мағынасы: Сөйлеушінің басқа біреуді белгілі бір әрекетке шақыруды, ынталандыруды немесе белгілі бір әрекетке ниетін, тілегін білдіреді.

Мысал:

내일 11시에 대학교 앞에서 만납시다.
Ертен сағат 11-де университеттің алдында кездесейік.
우리 같이 사진을 찍읍시다.
Бірге суретке түсейік.
주말에 같이 도서관에서 한국어를 공부합시다.
Демалыс күндері бірге кітапханада корей тілін оқиық.

- A. 영화를 볼까요?
- B. 아니요, 먼저 커피를 마십시오.
- A. 키노 көрейік пе? (кино карасақ, қалай қарайсың?)
- B. Жок, алдымен кофе ішейік.

~는 동안

Санат: Мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем

Құрылымы :Етістікке және зат есімге жалғанады. Зат есімге 동안 (зат есімнен бөлек жазылады), ал етістікке –는 동안 жалғану арқылы жасалады. –는 етістікке тікелей жалғанса (дауысты не дауыссыз дыбысқа аяқталуы маңызды емес), 동안 етістікпен тіркесіп қолданылады.

Мағынасы: Белгілі бір әрекеттің белгілі бір уақыт бөлігінде орын алғанын білдіреді. Яғни, екінші әрекет бірінші әрекет (-는 동안) жүзеге асып жатқан уақыт аралығында орындалды немесе орындалу үстінде. Қазақ тілінде етістікке ған-ген-қан-кен + кезде, сәтте, уақытта немесе ғанда, генде, қанда, кенде деп аударуға әбден болады. Зат есімге жалғанған жағдайда белгілі бір уақыт аралығын білдіреді. Қазақ тіліне бойы деп аударуға болады.

Мысал: 책을 읽는 동안 차를 마셔요.

- Кітап оқып отырғанда шәй ішемін.
- 방학 동안 여행을 했어요.
- Демалыс бойы саяхаттадым.
- 친구를 기다리는 동안 음악을 들었어요.
- Достарымды күтіп отырған уақытта, музыка тындап отырдым.
- 한국에서 사는 동안 아르바이트를 했어요.
- Кореяда өмір сүрген кезімде жұмыс істедім.

~지만

Санат: Жалғаулық шылау (қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулық шылау) немесе қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Құрылымы :Зат есімге, етістіктің немесе сын есімнің түбіріне жалғанады. Шаққа қарай өзгере алады:

- Осы шақ: 동사/ 형용사 + 지만
- 명사 + 이지만
- Өткен шақ: 동사/ 형용사+ 았지만/였지만/였지만
- 명사+ 이었지만
- Келер шақ: 동사/ 형용사+ 겠지만

Мағынасы: Сөйлемнің екі бөлігін бір-бірімен қарсыластыра байланыстырады. Яғни, жай сөйлемдердің мағыналары бір-біріне қарама-қарсы келеді. –지만 жалғаулығы сөйлемнің басында, яғни бірінші бөлігінде келіп, қазақ тіліне бірақ, алайда, әйткенмен (де), болғанмен деп аударылады.

Ескеру: Қазақ тіліндегі күрделі сөйлемдер ішіндегі қарсылықты жалғаулықты са-

бақтас құрмалас сөйлем түріне сәйкес келеді. Яғни, бірінші сөйлем бөлігіндегі келген әрекет не құбылыс екінші сөйлем бөлігіндегі әрекетке не құбылысқа қарама қайшы келуін білдіреді.

Мысал: 밥을 많이 먹었지만 배가 고파요.

Тамақ көп жегенмен қарным аш.

영화가 무서웠지만 재미있었어요.

Фильм қорқынышты болғанмен қызық болды.

음식을 많이 만들었지만 다 못 먹었어요.

Тамақ көп пісіріп қойғанымен (қойдым бірақ) бәрін жей алмадым.

준영 씨는 여동생이 있지만 카이라트 씨는 여동생이 없어요.

Джуненда қарындасы бар, (болғанмен) бірақ Қайратта қарындасы жоқ

김치찌개는 맵지만 맛있어요.

Кимчжи чигэ ащы, бірақ дәмді.

~ (으)르거예요

Санат: Келер шақ

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғанады. Егер етістік дауыссыз дыбысқа аяқталса, -을 거예요 жалғанып, дауысты дыбысқа аяқталатын болса, онда -르 거예요 жалғану арқылы жасалынады. Егер бастауыш сөйлемде 1-ші жақта тұрса, онда -을/르 거예요 ны -겠- ке ауытырып қолданса болады. Ресми сыпайы стильде -을/르 겁니다

Мағынасы: Бұл грамматикалық құрылым сөйлеушінің болашаққа, жоспарларға деген ниетін, ұмтылысын, талпынысы мен ынтасын немесе болжамын білдіргісі келгенде қолданылады.

Мысал: 오늘 저녁에 라그만을 먹을 거예요.

Бүгін кешке лағман жеймін.

내일 친구들과 같이 영화관에 갈 거예요.

Ертең достарыммен бірге кинотеатрға барамыз.

식당에서 친구와 저녁을 먹을 거예요.

Ресторанда досыммен бірге кешкі ас ішемін.

A. 이따가 무엇을 할 거예요?

B. 읽고 싶은 책을 읽을 거예요.

A. Кейін не істейсің?

B. Оқығым келген кітабымды оқимын.

~기 전에/~ (으)ㄴ 후에

Санат: Есімше + алдында, бұрын

Шығыс септік жалғау + кейін (шылау)

Құрылымы: Етістікке және зат есімге жалғанады. Етістікке жалғанған жағдайда

-기 전에 және -(으)ㄴ 후에, ал зат есімге жалғанған жағдайда жай -전에 және -후에 болады. Етістіктің түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, онда -은 후에 жалғанады, ал етістіктің түбірі дауысты дыбысқа аяқталатын болса, -ㄴ 후에 жалғануымен жасалады.

Мағынасы: Зат есімге жалғанған -전에 белгілі бір мезгіл, уақыт, сәт алдындағы орындалған іс-әрекетті білдіреді. Яғни, іс әрекеттің орындалу уақытын білдерді. Қазақ тіліне бұрын, алдында деп аударылады. -전에 жалғанған зат есім көп жадайларда уақытпен байланысты зат есім болып келеді. Ал, -후에 болса, -전에 қарама-қайшы мағынаны білдіреді. Ол қазақ тіліне кейін деп аударылып, белгілі бір мезгіл, уақыт, сәттен кейін орындаған іс-әрекетті білдіреді. Енді, етістікке -기 전에 жалғанса, орындалу керек іс-әрекеттің алдында басқа бір іс-әрекеттің жүзеге асырылғанын білдірсе, ал -(으)ㄴ 후에 орындап болған іс-әрекеттен кейін басқа іс-әрекетті жүзеге асырлуын білдіреді.

Мысал:

예스볼 씨는 학교에 가기 전에 밥을 먹었어요.

Есбол университетке барар алдында тамақ ішті.

예스볼 씨는 밥을 먹은 후에 대학교에 가요.

Есбол тамақтанғаннан кейін университетке барады.

수업이 끝난 후에 친구들을 만날 거예요.

Сабақ аяқталғаннан кейін достарымды кездестіремін.

식사하기 전에 차를 마실까요? Тамақтанар алдында шәй ішеміз ба? (тамақтанар алдында шәй ішсек, қалай қарайсың?)

1시간 후에 만납시다.

1 сағаттан кейін кездесейік.

관형형어미'~는'

Санат: Есімше

Құрылымы: Етістікке (дауыссыз дыбысқа немесе дауыссыз дыбысқа аяқталса да) -는 жалғану арқылы жасалады.

Мағынасы: Етістіктің түбіріне жалғанып, осы шақта іс-қимылдың құбылысын білдіреді. Сөйлемде бірнеше етістік немесе сын есімдер кездесуі ықтимал. Сондай жағдайларда, көбінесе сөйлемнің басында немесе ортасында қолданылатын етістіктің түбіріне жалғанады.

Мысал: 공원에서 운동하는 사람들이 많습니다.

Паркта спортпен шұғылданатын адамдар көп.

제가 지금 보는 영화는 한국 영화입니다.

Менің қазір қарап отырған фильмім корей фильмі.

알마티에 있는 카자흐스탄 호텔에 있을 거예요.

Алматыдағы (орналасқан) Қазақстан қонақ үйінде орналасымын.

회사에서 집에 가는 길에 공원이 있어요.

Офистан (жұмыстан) үйге баратын жолда парк бар.

- A. 한국 사람들이 자주 먹는 음식은 불고기이지요?
 B. 네, 맞아요.
 A. Корейліктер жиі жейтін тағам пулькоги емес па?
 B. Иә, дәл сол.

‘ㅎ’ 불규칙용언

Құрылымы : 어떻다, 이렇다, 까맣다, 파랗다 тағы сол сияқты ‘ㅎ’ дыбысына аяқталатын сын семдердің негізінен кейінгі келетін келесі буын дауысты дыбыстан басталатын болса, онда ‘ㅎ’ дыбыс түсіп қылады. Сонмен қатар, -아/어- дауысты дыбыстардан кейін ‘ㅎ’ дыбысы жойылып, ал ㅏ дыбысы ㅗ дыбысына айналады. Ал -(으)ㄴ құрылымы жоғарыда аталып кеткен сын есімдерге (어떻다, 이렇다, 까맣다, 파랗다) жалғанатын жағдайда, ‘ㅎ’ дыбысы жазылмай түсіп қалады.

Мысал: 하늘이 파래요.

Аспан көк.

날씨가 어때요?

Ауа-райы қалай?

A 어떤 색깔을 좋아해요?

B 하얀색을 좋아해요.

A. Қандай түсті ұнатасың?

B. Ақ түсті ұнатамын.

~에서 ~까지

Санат: Жалғау

Құрылымы : Зат есімге жалғанады. Көбінесе мекенді, орынды білдіретін зат есімдермен қолданылады. -에서 -까지 әр қайсысы жалғанатын зат есіммен бірге жазылады.

Мағынасы : Белгілі бір іс-әрекеттің бастапқы орыннан (에서) басқа орынға дейін (까지) орындалуын білдіреді. Қазақ тіліне -에서 «бастап» немесе -дан, -ден, -тан, -тен шығыс септігі жалғаулары арқылы аударылса, -까지 «дейін» деп аударылады.

Мысал: 집에서 학교까지 한 시간 걸려요.

Үйден мектепке дейін бір сағат жұмсаймын.

누르술탄에서 알마티까지 어떻게 왔어요?

Нұр-Сұлтаннан Алматыға дейін қалай келдің?

여기에서 극장까지 걸어서 10분 걸려요.

Осы жерден театрға дейін жаяу 10 минут жұмсаймын.

한국에서 카자흐스탄까지 비행기로 6시간 걸려요.

Кореядан Қазақстанға дейін ұшақпен 6 сағат жұмсайды.



~(으)로

Санат: Жалғау

Құрылымы : Зан есімге жалғанады. Егер зат есім дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, онда -(으)로 жалғанады, ал егер дауысты дыбысқа аяқталатын болса, -로 жалғанатын болады.

Мағынасы : Бұл грамматикалық құрылымның бірнеше қолдану аясы бар. Бағытты, іс-әрекеттің орындалу-орындалмауының құрал-аспабын (көмектес септігі -ман, -мен, -бан, -бен, -пан, -пен жалғауларына немесе арқылы сөзіне сәйкес), әрекеттің орындалу себебін, заттың белгілі материалдан жасалынғанын білдіреді.

Мысал: 집에서 회사까지 버스로 다녀요.

Үйден жұмысқа (офиске) дейін автобуспен барамын.

서울에서 부산까지 배로 12시간 걸려요.

Seuldan pusanğa deyin kemeмен 12 сағат жұмсайды.

지하철로 학교에 왔어요.

Метромен мектепке келдім.

문이 나무로 만들다

Есік ағаштан жасалған.

한국은 라면으로 유명해요

Корея раменымен әйгілі.

~(으)러 가다

Санат: Себеп-салдар жалғаулық немесе жұрнақ

Құрылымы : Етістіктің түбіріне жалғану арқылы жасалады. Егер етістіктің түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталса, -(으)러 가다 жалғанады, ал дауысты дыбысқа аяқталатын болса, онда -러 가다 жалғану арқылы жасалады.

Мағынасы : Етістіктің түбіріне жалғану арқылы қимыл бағыттың мақсатын білдіреді. Қазақ тіліне үшін шылауы арқылы немесе -ға, -ге жұрнақтары арқылы қазақ тіліне аударса болады. Немесе, дәлме-дәл қазақ тіліне аударатын болсақ, «бір жерге белгілі бір әрекет жасауға барам(келем)».

Мысал:

시장에 사과를 사러 가요. Алма сатып алу үшін базарға барамын.

지금 밥 먹으러 식당에 가요. Қазір тамақтану үшін (тамақтануға) асхана барамын.

극장에 영화를 보러 갈 거예요. Театрға кино көруге барамын.

한국어 책을 사러 내일 서점에 갈 거예요. Корея тілі кітабын сатып алуға (сатып алу үшін) ертең кітап дүкеніне барамын.



- A. 공원에 왜 왔어요?
- B. 사진 찍으러 왔어요.
- A. Паркке не үшін бардың?
- B. Суретке түсу үшін бардым.

~네요

Санат: Көмекші етістік (суреттеме етістік)

Құрылымы : Етістіктің немесе сын есімнің (дауысты немесе дауыссыз дыбысқа аяқталса да) түбіріне жалғану арқылы жасалады.

Мағынасы: -네요 грамматикалық құрылымы таңғалуды, таңдануды,сүйсінуді білдіру мақсатында қолданылады. Қазақ тіліндегі екен, еді көмекші сөздерін қолданып, аударуға болады. Алайда, екен, еді көмекші сөздерін әрқашан қолданып, аударудың қажеті жоқ. Таңғалу, таңдану, сүйсінуді сезімдерін жеткізуде бұл көмекші етістіктерді қолданбай мағынасына қарай аударған абзал.

Мысал: 유나 씨, 드레스가 정말 예쁘네요.

- Юна, көйлегіңіз шынымен өте әдемі екен.
- 와! 노래를 정말 잘하네요.
- Вау! Энді шынымен жақсы айтады екенсіз.
- A. 집에서 학교까지 걸어서 10분쯤 걸려요.
- B. 여기에서 가깝네요.
- A. Уйден мектепке дейін жаяу 10 минуттай жұмсаймын.
- B. Осы жерден жақын екен.
- A. 저는 김치를 매일 먹어요.
- B. 김치를 잘 먹네요.
- A. Мен кимчжині күнде жеймін.
- B. Кимчжині жақсы жейді екенсіз.

~아/어서

Санат: Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем

Құрылымы : Етістіктің немесе сын есімнің түбіріне жалғанады. Егер етістік түбірінің соңғы буынында ㅏ немесе ㅑ-дауысты дыбытары кездессе,-아서 жалғанады, ал қалған жағдайларда-어써 жалғанады. -으세요, -으십시오, -을까요, -읍시다 сияқты бұйрық райда қолданылмайды. □□ аяқталған етістіктер немесе сын есімдер -해서 болып түрленеді.

Мағынасы: Іс-әрекеттің орындалу себебін білдіреді және күрделі сөйлемдерде қолданылады. Күрделі сөйлемнің екі бөлігінде бір-бірімен өзара байланысты іс-әрекеттермен ғана қолданылады. Яғни, сөйлемнің бірінші бөлігіндегі әрекеттің себебі сөйлемнің екінші бөлігіндегі орындалған немесе орындалатын нәтижесі болып табылады.

Мысал:

나기마 씨는 열심히 공부해서 시험을 잘 봤어요.
 Нагима бар ынтасын салып оқыған соң, емтиханнан өтті.
 아침에 늦게 일어나서 회사에 늦었어요.
 Таңертен кеш ояңғандықтан жұмысқа кешігіп бардым.
 어젯밤에 너무 더워서 잠을 잘 수 없었어요.
 Кеше түнде өте ыстық болған соң ұйықтай алмадым.

- A. 어제 친구를 만났어요?
- B. 아니요, 어제 너무 바빠서 못 만났어요.
- A. Кеше досыңды кездестірдің бе?
- B. Жок, кеше қолым бос болмағандықтан кездесе алмадым.

~ (으)ㄴ 수 있다/없다

Санат: Көсемше + алу/алмау

Құрылымы : Етістіктің түбіріне жалғану арқылы жасалады. Егер етістіктің түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталса,-을 수 있다/-을 수 없다 жалғанады, ал етістіктің түбірі дауысты дыбысқа немесе ㄹ дыбысына аяқталатын жағдайда -ㄴ 수 있다/ㄴ 수 없다 жалғану арқылы жасалады. Етістіктің түбірі де аяқталғандықтан және грамматикалық құрылымның өзі де дыбысынан басталып, құрамына кіретіндіктен, біреуі ғана жазылады. ㄹ дыбысы етістіктің түбіріне жалғанып, 수 етістіктен де бөлек жазылып, 있다 немесе 없다 сөзінен де бөлек жазылады.

Мағынасы: Белгілі бір іс-әрекетті істей алу / істей алмауы немесе орындай алу / орындай амауын білдіртіп, көрсету мақсатында қолданылады.

Мысал: 저는 한국어 책을 읽을 수 있어요.

- Мен корей тілінде кітаптарды оқи аламын.
- 예스볼 씨는 한국 노래를 할 수 없어요.
- Есбол корейлік әндерді айта алады.
- 카이라트 씨는 유나 씨의 생일 파티에 갈 수 있어요?
- Қайрат Юнаның туған күні кешіне келе ала ма?
- A. 한자를 읽을 수 있어요?
- B. 아니요, 읽을 수 없어요.
- A. Ханчжаны оқи аласыз ба?
- B. Жок оқи алмаймын.

때문에

Санат: Себеп- салдар салалас құрмалас сөйлем

Құрылымы : Зат есімге жалғанады. Зат есіммен тіркесіп қолданылады.

Мағынасы: Зат есімге жалғану арқылы, сол заттың белгілі бір жағдайда орын алып,

себебіне айналғандығын білдіреді. Қазақ тіліне себеп- салдар салалас құрмалас сөйлемнің өйткені, сондықтан, себебі, сол үшін, неге десең, сол себепті т.б. дәнекер жалғаулықтары арқылы аударуға болады. Бұйрық райда қолданылмайды.

Мысал:오늘은 시험 때문에 시간이 없어요.

Бүгін емтихан, сондықтан уақыт жоқ.

운동을 하고 싶었지만 오늘은 회사일 때문에 할 수 없었어요.

Спортпен шұғылданғым келген, бірақ бүгін офистің жұмысы себептен (кесірінен)

шұғылдана алмадым.

시끄러운 소리 때문에 잘 듣지 못했어요

Шулы дыбыстар себебінен (кесірінен) дұрыстап естіген жоқпын.

감기 때문에 병원에 갔어요.

Тамақ ауруы себебінен ауруханаға бардым.

~아/어 보세요

Санат: Көсемше + көру

Құрылымы : Етістіктің түбіріне жалғану арқылы жасалады. Егер етістіктің соңғы буынында ㅏ немесе ㅑ дыбыстары кездесетін болса, онда -아 보세요 жалғанады, қалған жағдайларда -어 보세요 жазылуы арқылы жасалады. 보세요 сөзі етістіктің өзінен бөлек тіркесіп жазылады, ал -아 немесе -어 етістіктің түбіріне тікелей жалғанады.

Мағынасы: 아/어 보세요 грамматикалық құрылымы сөйлеуші тыңдаушыға белгілі бір әрекетті орындауға ұсыныс жасағанда немесе белгілі әрекетті орындауға кеңес бергенде қолданылады. Қазақ тіліне « істеп (әңгіме қылып отырған әрекетті) көріңіз» деп аударуға әбден болады.

Мысал:

A. 주말마다 너무 심심해요. 재미있는 일이 있어요?

B. 노래방에 가서 노래를 불러 보세요.

A. Әр демалыс ішім қатты пысады. Қызықты іс бар ма?

B. Караокеге барып ән шырқап көріңіз.

A. 이번 방학에는 여행을 가고 싶어요. 어디가 좋을까요?

B. 그럼, 제주도에 가 보세요

A. Осы демалыста саяхаттағым келеді. Қайда барсам жақсы болады?

B. Онда, Чечжудоға барып көріңіз.

A. 비빔밥은 맛이 어때요?

B. 맛있어요. 한번 먹어 보세요.

A. 피빔паптың дәмі қалай екен?

B. Дәмді. Бір рет жеп көріңіз.

~ (이)나

Санат: Талғаулықты қатынасты білдіретін жалғаулық шылау

Құрылымы : Зат есімге жалғанады. Егер зат есім дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, онда -이나 жалғанады, ал дауысты дыбысқа аяқталатын болса, -□ жалғану арқылы жасалады.

Мағынасы: Қазақ тіліндегі немесе, әлде, я, не, яки, болмаса талғаулықты қатынасты білдіретін жалғаулық шылауларына сәйкес келеді.

Мысал:주스나 우유를 마십니다.

Шырын немесе сүт ішемін.

책이나 신문을 읽습니다.

Кітап немесе газет оқимын.

커피나 홍차를 마실까?

Кофе әлде жасыл шәй ішсем ба?

이번 방학에는 미국이나 프랑스로 여행할 거예요.

Осы демалыста Америкаға немесе (не) Францияға саяхаттаймын.

~기 / ~는 것

Санат: Жұрнақ

Құрылымы : Етістіктің түбіріне жалғану арқылы жасалады.

Мағынасы: Етістіктен зат есімді құру, тудыру мақсатында қолданылады.

Мысал:제 취미는 음악 듣기예요.

Менің хоббиім музыка тыңдау

저는 우표를 수집하는 것을 좋아해요.

Мен марка жинауды ұнатамын.

그림 그리기를 제일 좋아해요.

Сурет салуды бәрінен қатты ұнатамын.

농구하기가 아주 재미있어요.

Баскетбол ойнау өте қызықты.

~고 있다

Санат: Нақ осы шақ

Құрылымы : Етістіктің түбіріне жалғану арқылы жасалады. 있다 сөзі етістіктен бөлек тіркесіп, қолданылса, -고 етістіктің түбіріне тікелей жалғанады.

Мағынасы: Іс әрекеттің нақ қазір болып жатқанын, қазір белгілі бір уақытта басталып, іс-әрекеттің болып жатқанын, жүзеге асып, созылып жатқанын білдіру үшін қолданыла-

ды. Осы шақтағы үдеріс.

Мысал: 나기마 씨는 그림을 그리고 있어요.

Нагима сурет салып отыр.
친구들과 같이 영화를 보고 있어요.
Достарыммен бірге кино қарап отырмын.

- A. 뭐 하고 있어요?
- B. 공원에서 산책하고 있어요.
- A. Не істеп жүрсіз?
- B. Саябақта серуендеп жүрмін.

~는 것 같다

Санат: Модальды сөздер

Құрылымы : Етістіктің түбіріне жалғанады. Етістіктің түбіріне -□ жалғанып, □ □□ да етістіктен бөлек тіркесіп қолданылады. Сонымен қатар, □пен□□ да бір бірінен бөлек жазылады.

Мағынасы: Белгілі бір іс-әрекетке немесе құбылысқа деген болжамын білдірді. Қазақ тіліне сияқты, шығар, секілді, тәрізді деп аударуға болады.

Мысал: 에스볼 씨는 농구를 아주 좋아하는 것 같습니다. 에스볼 씨는 수업 후에 항상 친구들과 농구를 합니다.

Есбол баскетболды өте қатты ұнататын сияқты. Есбол сабақтан кейін әрқашан достарымен баскетбол ойнайды.

마디나 씨는 불고기를 잘 먹습니다. 불고기를 좋아하는 것 같습니다.

마дина пулькогиді жақы жейді. Пулькогиді жақсы көретін сияқты.

- A. 지금 밖의 날씨가 어때요?
- B. 바람이 많이 부는 것 같아요.
- A. Қазір сыртта ауа-райы қандай?
- B. Жел қатты соғып жатқан сияқты.

~에게/~한테/~께

Санат: Барыс септігі жалғауы

Құрылымы : Зат есімге жалғанады. -에게 нейтралды болып келеді, ресми немесе бей-ресми сыпайы сөйлеу стильде де қолданылады. Ауызекі тілде көбінесе -한테 қолданылады, ал -□ресми сыпайы стилі болып табылады.

Мағынасы: Зат есімге жалғану арқылы іс-әрекеттің кімге бағытталғанын көрсетеді. Қазақ тіліндегі -ға, -ге, -қа, -ке, (-ына, -іне) барыс септігінің жалғауларына сәйкес келеді.

Мысал: 마지나 씨는 친구에게 편지를 써요.

마дина досына хат жазып отыр.
나기마 씨는 친구에게 선물을 사려고 합니다.

Нагима досына сыйлық сатып алады.
민수 는 동생에게 전화했어요.

Минсу сіңілісіне(сіңілге) қоңырау шалды.
저는 학생들한테 한국어를 가르쳐요.

Мен оқушыларға корей тілін оқытамын.
에스볼 씨가 선생님께 전화했어요.

Есбол оқытушыға қоңырау шалды.

~(으)면

Санат: Шартты рай

Құрылымы : Етістіктің немесе сын есімнің түбіріне -(으)면 жұрнағының жалғануы арқылы жасалады. Егер етістіктің немесе сын есімнің түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, -(으)면 жалғанады, ал дауысты дыбысқа аяқталатын болса, -면 жалғану арқылы жасалады.

Мағынасы: Іс-әрекеттің немесе құбылыстың болу болмау, іске асу аспау мүмкінділігінің шартын білдіреді. Бұл грамматикалық құрылым шартты білдіретіндіктен өткен шақта да (왔/왔/였), келер шақта да (겠) және болымсыз сөйлем түрінде де (안, ~지 않다) қолданыла алады.

Мысал: 한국에 여행 가면 유명한 가수를 만나고 싶어요.

Кореяға саяхаттасам, әйгілі әншіні кездескіргім келеді.
피곤하면 집에서 쉬세요. Шаршасаңыз, үйде демалыңыз.
기분이 안 좋으면 음악을 들어요. Көңіл күйім жаман болса, музыка тыңдаймын.

- A. 시간이 많으면 무엇을 하고 싶습니까?
- B. 시간이 많으면 재미있는 책을 많이 읽고 싶어요.
- A. (артық)Уақытыңыз болса не істегіңіз келеді?
- B. (артық)Уақытым болса, көп қызық кітап оқығым келеді.

~(으)려고 하다

Санат: Келер шақ мағынадағы жұрнақ

Құрылымы : Етістіктің түбіріне жалғану арқылы жасалады. Егер етістіктің түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, -(으)려고 하다 жалғанады, ал дауысты дыбысқа аяқталатын жағдайда -려고 하다. -려고 тікелей етістікке жалғанады, ал 하다 бөлек жазылады.

Мағынасы: 1. Сөйлеушінің белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асырудағы ниетін, ынта-

문법 자료집 1

сын немесе сол іс-әрекетті асырудағы болашақта орындайтын жоспарын білдіреді.

2. Бұл грамматикалық құрылым, сонымен қатар, белгілі бір жағдайдың, әрекеттің болашақта орындалуы мүмкін немесе орындалатыны жайлы сөйлеушінің болжамын сипаттайды.

3. Бұл грамматикалық құрылым күрделі сөйлемнің ортасында да қолданылады. Яғни, -(으)려고 сөйлемнің бірінші бөлігінде 하다 сыз жазылып, сөйлеушінің болашақта орындауға ниеттенген әрекеті немесе жоспары жазылып, ал сөйлемнің екінші бөлігінде сөйлемнің бірінші бөлігінде айтылған әрекеттерді орындау үшін сөйлеушінің орындап жатқан (Осы шақта ғана) немесе орындаған әрекет сипатталады.

Мысал:1. 돈을 다 쓰기 전에 운동화를 사려고 합니다

Ақшамның бәрін жұмсап тастардың алдында крассовки аламын.

2. 비가 오려고 합니다

Жаңбыр жауайын деп жатыр.

가방이 떨어지려고 합니다

Сөмке құлағалы жатыр.

3. 살을 빼려고 매일 세 시간씩 운동을 해요.

Артық салмақты тастау үшін 3 сағат спортпен шұғылданамын.

잠을 자지 않으려고 커피를 5잔이나 마셨어요.

Ұйықтап қалмау үшін 5 стакан кофе шешем.

한국에서 살려고 한국어를 배워요.

Кореяда өмір сүру үшін корей тілін оқып жүрмін.

~아/어야 하다

Санат: Модальды сөздер

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғану арқылы жасалады. Егер етістіктің түбірінің соңғы буынында ㅏ немесе ㅑ-дыбыстары кездесетін болса, онда -아야 하다 жалғанады, ал қалған жағдайларда -어야 하다 жалғанады. 하다 сөзі етістіктің түбірінен бөлек жазылса, -아/어야 етістіктің түбіріне тікелей жалғану арқылы жасалады.

Мағынасы: Белгілі бір іс-әрекеттің орындалуының қажеттілігін немесе міндеттілігін көрсетеді. Қазақ тіліне керек (міндетті(мін)(сің)), қажет деп аударуға болады.

Мысал:

우리는 내일 오전 7시에 비행기를 타야 해요.

Біз ертең таңғы сағат 7-де ұшаққа отыруымыз керек.

약속이 있어서 시내에 가야 해요.

Кездесуім бар болған соң, орталыққа баруым керек.

오늘 저녁에는 숙제가 많아서 숙제를 해야 해요.

Бүгін кешке үй жұмысы көп болған соң, үй жұмысын істеуім керек.

다음 주에 시험이 있어서 잘 준비해야 해요.

Келесі аптада емтихан бар болғандықтан жақсылап дайындалуым керек.

2

초급 문법

~못

Құрылымы: Етістікпен тіркесіп қолданылады. Етістіктің алдында жазылады. Етістіктен бөлек, тіркесіп жазылып, қолданылады. 못 болымсыздық етістігі 하다 -ға аяқталатын етістіктер мен зат есімнің (сол етістіктің түбірі) арасына жазылу арқылы қолданылады.

Мағынасы: Белгілі бір әрекетті белгілі бір себептерге байланысты жүзеге асыра алмауды немесе істеуге икемі келмеуді білдіреді.

Мысал:

오늘 너무 바빠서 영화 보러 영화관에 못 가겠어요, 미안해요.

Бүгін қолым бос болмағандықтан бірге кино көруге бара алмаймын.

시험을 잘 못 봤어요 (잘 준비하지 않기 때문에)

Емтиханды жақсы тапсыра алмадым. (жақсы дайындалмағандықтан)

저는 피아노를 못 쳐요. Мен пианинода айнай алмаймын.

A. 민수 씨, 러시아어를 할 수 있어요?

B. 아니요, 카자흐어는 할 수 있는데 러시아어는 못 해요.

Минсу, орыс тілінде сөйлей аласыз ба?

Жок, қазақ тілінде сөйлей алам, бірақ орыс тілінде сөйлей алмаймын.

A. 어제 왜 안 왔어요?

Кеше неге келмедің?

B. 배가 아파서 못 갔어요

Ішім ауырған соң бара алмадым.

~지 못하다

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғану арқылы қолданылады. -지 етістіктің түбіріне тікелей жалғанады, ал 못하다 етістіктен бөлек, тіркесіп қолданылады.

Мағынасы: Белгілі бір әрекетті белгілі бір себептерге байланысты жүзеге асыра алмауды немесе істеуге икемі келмеуді білдіреді.

Мысал: 아파서 숙제를 하지 못했어요

Ауырған соң үй жұмысын жасай алмадым.

노래는 잘 하지만 그림을 잘 그리지 못합니다.

Өн жақсы айтқанмен сурет жақсы сала алмаймын.

수영을 잘 하지 못해서 수영장에 가기 싫어요.

Жақсы жүзе алмағандықтан бассейнге барғым келмейді.

일이 많아서 일찍 퇴근하지 못했어요.

Шаруа көп болғандықтан ерте жұмыстан кете алмаймын.

~(으)ㄴ/는데

Құрылымы: Етістіктің немесе сын есімнің түбіріне жалғану арқылы жасалады. Сын есімнің түбіріне -(으)ㄴ 데 жалғанады. Егер сын есімнің түбірі дауысты дыбысқа аяқталса, -는데 жалғанады, ал дауыссыз дыбысқа аяқталса, -ㄴ 데 жалғану арқылы жасалады. Етістіктің түбіріне -는데 жалғанады. 있다, 없다 сөздеріне -는데 формасы жалғанады. Өткен шақ формасы -왔 /있/였는데.

Мағынасы: Келесі жағдайларда қолданылады:

1. Екі жай сөйлемді біріктіріп, салалас құрмалас сөйлемге айналдырады. Екі іс-әрекетті немесе құбылыстарды өзара қарсы мағыналық қатынаста қолданады немесе салыстырады. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемге сәйкес келеді.

Мысал:

어제 새 옷을 샀는데 색이 마음에 안 들어요.

A. 한국말을 잘해요?

B. 한국어를 1년 동안 공부했는데 아직 잘 못해요.

Кеше жаңа киім сатып алып едім, бірақ түсі ұнамай қалды.

A. Корей тілінде жақсы сөйлейсің бе?

B. Корей тілін 1 жыл бойы оқыдым (оқыған едім), бірақ әлі жақсы сөйлей алмаймын.

2. Сұрақты, ұсынысты, өтінішті білдірер алдында жағдайды түсіндіру мақсатында қолданылады.

Мысал:

동대문까지 가는데, 몇 분쯤 걸려요?

Дондемуңға барғалы едім. Қанша минут кетеді?

내일 새 집으로 이사하는데 도와줄 수 있어요?

Ертең жаңа үйге көшкелі жатқан едім. Көмектесе аласың ба?

3. Белгілі бір шындықты, құбылысты немесе іс-әрекетті анықтап, көрсету үшін қолданылады.

Мысал:

비가 오는데, 밖에 나가지 마세요.

Жаңбыр жауып тұр еді, сыртқа шықпаңыз.

4. Таң қалған кезде қолданылады.

이거 좋은 데요! Мынау жақсы екен! / күшті екен!



~아/어도 되다

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғанады. Егер етістіктің түбірінің соңғы буынында ㅏ немесе ㅑ-дыбыстары кездесетін болса, етістіктің түбіріне -아도 되다 жалғанады. Қалған жағдайларда етістіктің түбіріне -어도 되다 жалғанады. 하다-ға аяқталатын етістіктер -해도 되다 деп өзгереді. -아/어도 되다 дауыссыз дыбысқа аяқталатын етістіктің түбіріндегі (яғни, буынындағы) дауысты дыбысқа қарап, жалғанады. Мысалы, 읽다 (оқу) етістігі дауыссыз дыбысқа аяқталғанымен, түбірінде ㅣ дауысты дыбысы бар. Яғни, 어도 되다 құрылымы жалғанады. Нәтижесінде 읽어도 되다 деп түрленеді.

Мағынасы: Белгілі бір іс-әрекетті орындау үшін рұқсат сұрау немесе рұқсат беруді білдіреді.

Мысал:

여기에 앉아도 됩니다.

Мұнда отыруға болады.

지금 창문을 열어도 돼요

Қазір терезені ашуға болады.

A. 밤에 전화해도 됩니까?

B. 물론입니다. 전화하세요.

A. түнде қоңырау шалуға бола ма?

B. Әрине. Қоңырау шалыңыз.

A. 여기에서 사진을 찍어도 돼요?

B. 네, 여기에서 사진을 찍어도 돼요.

A. Мұнда суретке түсіруге бола ма?

B. Иә, мұнда суретке түсіруге болады.

Ескеру: -아/어도 되다 формасының орнына -아/어도 좋다, немесе 아/어도 괜찮다 формаларын қолдануға болады.

Мысал:

A. 지하철을 타도 괜찮아요?

Метроға мінсек жарай ма?

B. 네, 지하철을 타도 괜찮아요.

Иә, метроға мінсек жарайды.

~(으)면 안 되다

Құрылымы: Етістікке жалғанады. Етістіктің түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталса, етістіктің түбіріне -으면 және түбірден бөлек болымсыздық етістік 안 және етістік 되다 жалғанады, ал дауысты дыбысқа аяқталатын жағдайда етістіктің түбіріне жалғанатын -으면 жұрнағының орнына -면 жалғанады.

Мағынасы: Тыйым салу немесе белгілі бір іс-әрекетті орындауға болмайтынын білдіру үшін қолданылады

Мысал: 회이에 늦으면 안 돼요.



Жиналысқа кешігуге болмайды. (жиналысқа кешіксеңіз болмайды)
 수업 시간에 카자흐어로 말하면 안 돼요.

Сабак уақытында қазақ тілінде сөйлеуге болмайды.

(сабак уақытында қазақша сөйлесеніз болмайды)

18살은 술을 마시면 안 돼요.

18 жаста ішімдік ішуге болмады.

(18 жаста ішімдік ішсеңіз болмайды)

운전 중에 전화하면 안 됩니다.

Машина жүргізген кезде телефонмен сөйлесуге болмайды.

~ ‘으’ 불규칙 용언

Құрылымы: Егер -으 дыбысына аяқталатын етістіктің түбірінен кейін дауысты дыбыстан басталатын (-아/-어 сияқты) жұрнақтары немесе өткен шақ (-았/-었) жұрнақтары жалғанатын болса, онда -으 дыбысы түсіп қалады.

바쁘 다
 아서 바쁘어서 바빠서 바빠서

Дауысты дыбысқа басталатын буын жалғанғандықтан -으 дыбысы түсіп қалды

Мысал:

슬퍼서 눈물이 나오요? 기쁘서 눈물이 나오요?

Көңіл-күй болмаған соң, жылап жатырсын ба? (Әлде) қуанышты болған соң, жылап жатырсын ба?

친구에게 편지를 썼어요.

Досыма хат жаздым.

A. 교실 안이 밝은데 불을 꺼도 돼요?

B. 네, 불을 꺼도 돼요.

A. Аудиторияда жарық болған соң (жарық еді), жарықты сөндірsem бола ма?

B. Иә, жарықты сөндіруге болады.

~보다

Құрылымы: Зат есімге немесе жіктеу есімдігіне жалғанады.

Мағынасы: Екі немесе одан да көп заттың бір-бірінен белгілі бір белгілерінің сапасының артық не кемдігін салыстыру мақсатында қолданылады.

Мысал: 한국어는 영어보다 어려워요.

Корей тілі ағылшын тіліне қарағанда қиын. (Корей тілі ағылшын тілінен қиынырақ)

커피보다 홍차를 자주 마셔요.

Кофеге қарағанда қара шай жиі ішемін.

수박은 사과보다 더 커요.

Қарбыз алмаға қарағанда үлкен.

이 드레스보다 저 드레스는 예쁘지요? Бұл көйлекке қарағанда ана көйлек әдемірек емес пе?

관형형 어미 - (으)ㄴ (과)거

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғанады. Егер етістіктің түбірі дауысты дыбысқа немесе -ㄹ әріпіне аяқталатын жағдайда, онда етістіктің түбіріне -ㄴ жалғанады. Ал, етістіктің түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, онда -은 жалғанады.

Мағынасы: Өткен шақты тудыратын жұрнақ болып табылады және етістікке жалғану арқылы зат есімді анықтау қызметін атқарады. Қазақ тіліндегі бұрынғы өткен шақ -ған, -ген, -қан, -кен жұрнақтарына сәйкес келеді.

Мысал:

어제 먹은 비빔밥은 정말 맛있었어요.

Кеше жеген пибимпап шынымен дәмді болды.

작년에 여행한 나라는 미국이에요.

Алдыңғы жылы саяхаттаған ел, ол – Америка.

어제 산 핸드폰을 벌써 잃어버렸어요.

Кеше сатып алған ұялы телефонды әлдеқашан жоғалтып алдым.

어제 도서관 앞에서 만난 사람은 이 선생님이예요.

Кеше кітапханада кездескен адам мұғалім еді.

~ (으)ㄴ 것 같다 (형용사)

Құрылымы: Сын есімнің түбіріне жалғанады. Егер сын есім дауысты дыбысқа немесе -ㄹ дыбысына аяқталатын болса, онда -ㄴ 것 같다 жалғанады. Ал, егер сын есімнің түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталған жағдайда -은 것 같다 жалғанады.

Мағынасы: Сөйлеушінің белгілі бір жағдайға немесе фактіге байланысты болжамын, жорамалын білдіреді. Қазақ тіліне «сияқты, секілді» деп аударуға болады. Сонымен қатар, сөйлеушінің белгілі бір жағдайға өзінің ойын жанама немесе сыпайы түрде білдіргісі келген кезде қолданылады.

Мысал:

그 음식은 건강에 나쁜 것 같아요.

Осы тамақ денсаулыққа зиянды сияқты.

한국어를 배우는 것은 어려운 것 같아요.

Корей тілін үйрену қиын сияқты.

이 식당 주인이 친절한 것 같습니다.

Бұл ресторанның қожайыны мейірімді сияқты.

민수 씨는 집이 먼 것 같아요.

Мин Су мырзаның үйі алыс сияқты.

~기 때문에

Құрылымы: Етістіктің немесе сын есімнің түбіріне жалғанады. – 기 етістіктің немесе сын есімнің түбіріне тікелей жалғанып, 때문에 түбірмен тіркесіп қолданылады. Түбірдің дауысты не дауыссыз дыбысқа аяқталуы маңызды емес, бәрібір де – ги жалғанады. Зат есімдермен 때문에 тіркесіп, қолданылады.

Мағынасы: Бұл грамматикалық құрылым басыңқы сөйлемде (бірінші сөйлем бөлігінде) белгілі бір іс-әрекеттің немесе жағдайдың себеп-салдарын білдіреді.

Ескеру: – ги 때문에 грамматикалық құрылымы бұйрық райлы сөйлемдермен немесе белгілі бір әрекетке ынталандыратын сөйлемдермен қолданылмайды. Төмендегі мысалдарға назар аударыңыздар:

날씨가 춥기 때문에 따뜻한 옷을 입으세요. (БОЛМАЙДЫ)
날씨가 춥 추우니까 따뜻한 옷을 입으세요. (ДҰРЫС)

친구들이 기다리기 때문에 빨리 갑시다. (БОЛМАЙДЫ)
친구들이 기다리니까 빨리 갑시다. (ДҰРЫС)

Мысал:

미끄러운 길 때문에 버스가 늦게 왔어요.
Тайғақ жолдың кесірінен автобұсқа кешіктім.
눈 때문에 길이 미끄러워요.
Қардың кесірінен жолдар сырғанақ.
저는 배고프기 때문에 밥을 먹고 싶어요.

Менің қарным аш болғандықтан тамақ ішкім келіп тұр.

A. 방학에 여행 갈거예요?

A. демалыста саяхаттауға барасын ба?

B. 아니요. 가고 싶지만

아르바이트를 하기 때문에 못 가요.

B. Жоқ. Барғым келгенмен де, жұмыс істеп жүргендіктен бара алмаймын.

~아/어지다

Құрылымы: Сын есімнің түбіріне жалғанады. ㅏ, ㅑ дыбыстарына аяқталатын сын есімнің түбіріне –а/어지다 жалғанады, ал қалған жағдайларда –어지다 жалғанады. 하다-ға аяқталатын сын есімдерге –어지다 жалғанады. Қысқарған түрі -해지다. Дауыссыз дыбысқа аяқталатын сын есімнің түбіріндегі (яғни, буынындағы) дауысты дыбысқа қарап, жалғанады. Мысалы, 작다 (кішкентай) сын есімі дауыссыз дыбысқа аяқталғанымен, түбірінде ㅏ дауысты дыбысы бар. Яғни, 아지다 құрылымы жалғанады. Нәтижесінде 작아지다 деп түрленеді.

Мағынасы: Белгілі бір құбылыстың немесе жағдайдың бірте-бірте өзгеруін көрсетеді. Яғни, бастапқыдағы құбылыстың басқа бір құбылысқа айналуын, басқа бағытта өзгеріп, өрбуін білдіреді.

Мысал:

고기가 비싸졌어요.

Ет қымбаттап кетті.

이 원비스는 잘 어울려서 귀여워졌어!

Бұл көйлек жақсы жарасып тұрған соң, сүйкімді болып кеттің!

당근을 많이 먹으면 눈이 좋아져요.

Сәбізді көп жесең, көруің жақсарады.

어려운 문법이 많아 나오기 때문에 한국어 공부가 더욱 어려워질 거예요.

Қиын грамматикалық құрылымдар әлі көп болатындықтан, корей тілін оқу одан да қиындай түседі.

~아/어야 되다

Құрылымы: Етістіктің немесе сын есімнің түбіріне жалғанады. ㅏ, ㅑ дыбыстарына аяқталатын етістіктің немесе сын есімнің түбіріне – а/어야 되다 жалғанады, ал қалған жағдайларда –어야 되다 жалғанады. 하다-ға аяқталатын етістіктерге және сын есімдерге – 여야 되다 жалғанады. Қысқарған түрі -해야 되다. Дауыссыз дыбысқа аяқталатын етістік пен сын есімнің түбіріндегі (яғни, буынындағы) дауысты дыбысқа қарап, жалғанады. Мысалы, 먹다 (жеу) етістігі дауыссыз дыбысқа аяқталғанымен, түбірінде ㅏ дауысты дыбысы бар. Яғни, 어야 되다 құрылымы жалғанады. Нәтижесінде 먹어야 되다 деп түрленеді.

Мағынасы: Белгілі бір іс-әрекеттің, жағдайдың немесе құбылыстың орындалуының қажеттілігін немесе міндеттілігін білдіреді. Қазақ тіліне керек (міндетті(мін)(сің)), қажет деп аударуға болады.

Ескеру:

-아/어야 되다 грамматикалық құрылымының орнына -아/어야 하다 грамматикалық құрылымын алмастырып қолдануға болады. Мағынасы жағынан үлкен айырмашылық байқалмайды. Алайда, ауызекі сөйлеуде -아/어야 되다 көп қолданылса, -아/어야 하다 хатта қолданысқа ие. Дегенмен, екі грамаатикалық құрылымды да ауызекі сөйлеуде қолдану қате болмайды.

Мысал:

이 약은 밥 먹기 전에 먹어야 됩니다.

Бұл дәріні тамақтанар алдында ішу керек.

오늘 오후까지 이 일을 다 끝내야 했는데, 못했어요.

Бүгін түске дейін бұл шаруаны түгелмен аяқтауым керек еді, алайда аяқтай алмадым.

결혼식 날 날씨가 따뜻해야 됩니다.

Үйлену тойы күнгі ауа-райы жылы болуы керек.

- A. 감기에 걸렸어요.
- A. Тұмай тиіп қалды.
- B. 약을 먹고 꼭 쉬어야 돼요.
- B. Дәрі ішіп, жақсылап тұрып демалуыңыз керек.

~ (으)면서

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғанады. Егер етістіктің түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталса, -(으)면서 жалғанады, ал дауысты дыбысқа аяқталатын жағдайда немесе □ дыбысына аяқталса, -면서 жалғану арқылы жасалады.

Мағынасы: Екі бірдей әрекеттің бір уақытта орындалып жатқанын білдіреді.

Ескеру: Күрделі сөйлемдегі әрекетті орындаушы (сөйлемде бастауыш) біреу, яғни ортақ болуы міндетті және сөйлемде қайталанып жазылмайды. Төмендегі мысалға назар аударыңыз:

- 저는 책을 읽으면서 녹차를 마셔요.
- 저는 책을 읽으면서 (그는) 녹차를 마셔요.
- 저는 책을 읽으면서 (저는) 녹차를 마셔요.

Мысал:

- 저는 학교에 다니면서 아르바이트를 많이 했어요.
- Men мектепте оқып жүріп, уақытша жұмыс істеп жүргенмін.
- 저는 영화를 보면서 콜라를 마셨어요.
- Men кино көріп, колла іштім.
- 형은 음악을 들으면서 공부를 해요.
- Ағам музыка тыңдап, оқиды.
- 저는 잠을 자면서 많이 움직여요.
- Men ұйықтау барысында көп қозғаламын.

~아/어 주다

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғанады. ㅂ, ㅌ дыбыстарына аяқталатын етістіктің түбіріне -아 주다 жалғанады, ал қалған жағдайларда -어 주다 жалғанады. 하다 -ға аяқталатын етістіктер -해 주다 болып өзгереді.

Дауыссыз дыбысқа аяқталатын етістіктің түбіріндегі (яғни, буынындағы) дауысты дыбысқа қарап, жалғанады. Мысалы, 읽다 (оқу) етістігі дауыссыз дыбысқа аяқталғанымен, түбірінде ㅣ дауысты дыбысы бар. Яғни, 어 주다 құрылымы жалғанады. Нәтижесінде 읽어 주다 деп түрленеді.

Мағынасы: Белгілі бір іс-әрекетті басқа біреу үшін орындау. -아/어 주다 грамматика

лық құрылымынан кейін -(으)세요 грамматикалық құрылымы жалғанатын болса, сөйлеушінің тыңдаушыға белгілі бір іс-әрекетті орындауына өтінішін білдіреді.

Ескеру:

-아/어 주다 грамматикалық құрылымының сыпайы формасы (құрметті білдіретін) -아/어 드리다 болып табылады.

Мысал:

- 친구를 도와 줄 거예요.
- Досыма көмектесемін.
- 한국 친구가 한국어를 가르쳐 줬어요
- Кәріс досым корей тілін үйретті.
- 정답을 모르는 사람은 오른손을 올려 주세요
- Дұрыс жауабын білмейтін адам оң қолын көтерсін (көтеруін сұраймын).
- 점심을 요리해 주세요!
- Түскі асты әзірлеп береніз (әзілеп беруіңізді сұраймын)!

- A. 뭘 도와 드릴까요?
- B. 우리 은행까지 길을 가르쳐 줄 수 있습니까?
- A. Қалай сізге көмектесейін?
- B. Ури банкіне дейін жолды көрсетіп бере аласыз ба?

관형형 어미 - (으)ㄴ (미래)

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғанады. Егер етістіктің түбірі дауысты дыбысқа аяқталатын жағдайда, онда етістіктің түбіріне -ㄴ жалғанады. Ал, етістіктің түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, онда -을 жалғанады.

Мағынасы: Келер шақты тудыратын жұрнақ болып табылады және етістікке жалғану арқылы зат есімді анықтау қызметін атқарады.

Мысал:

- 한국 회사에 취직할 계획이 있습니다.
- Корей компаниясына жұмысқа тұрмақ жоспарым бар.
- 내일 볼 영화가 재미있는 것 같아요.
- Ертең көретін фильм қызықты сияқты.

- A. 주말에 왜 못 만나요?
- B. 할 일이 너무 많아서 못 만나요.
- A. Демалыста неге кездесе алмаймыз?
- B. Істейтін шаруаларым өте көп болған соң кездесе алмаймыз.

~아/어서 (계기)

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғанады. Егер етістіктің түбірі ㅏ, ㅑ дыбыстарына аяқталатын болса, -아서 жалғанады, ал қалған жағдайларда -어서 жалғанады. 하다 - ға аяқталатын етістіктер – 해서 болып өзгереді.

Дауыссыз дыбысқа аяқталатын етістіктің түбіріндегі (яғни, буынындағы) дауысты дыбысқа қарап, жалғанады. Мысалы, 읽다 (оқу) етістігі дауыссыз дыбысқа аяқталғанымен, түбірінде ㅣ дауысты дыбысы бар. Яғни, -어서 құрылымы жалғанады. Нәтижесінде 읽어서 деп түрленеді.

Мағынасы: Сөйлемде бір әрекеттен кейін келесі әрекеттің жалғасуын білдіреді яғни, әрекеттің орындалу тәртібін сипаттау үшін қолданылады. Бірінші және екінші сөйлем бөліктері бір-бірімен тығыз байланыста болып келеді және сөйлемнің екінші бөлігіндегі әрекеттің (жағдайдың) орындалуы сөйлемнің бірінші бөлігіндегі әрекетсіз (жағдайсыз) мүмкін емес. Сөйлемнің қай шақта тұрғанын соңғы әрекетінен білуге болады яғни, етістіктің шағы сөйлемнің екінші бөлігінде көрсетіледі.

Мысал:

민수 씨는 아침 일곱 시에 일어나서 샤워를 합니다.

Минсу таңғы сағат жетіде тұрып, жуынады.

공원에 가서 책을 읽을 거예요.

Паркке барып, кітап оқимын.

계란을 삶아서 먹어도 맛있어요.

Жұмыртқаны қайнатып, жесе де дәмді.

A. 국민 대학교에 어떻게 가는지 아세요?

B. 길을 건너서 오른쪽으로 가세요.

A. Кукмин университетіне қалай жетуге болатынын білесіз бе?

B. Жолды өтіп, оң жаққа жүріңіз.

~다가

Құрылымы: Етістікке жалғанады. Етістіктің дауыссыз немесе дауысты дыбысқа аяқталуы шарт емес. Барлық жағдайларда да өзгеріссіз -다가 жалғанады.

Мағынасы: Сөйлемдегі бірінші әрекеттің басталып, жалғасып, бірақ басқа әрекеттің басталып кетуінен бірінші әрекеттің үзілуі, ағни аяғына дейін аяқталмауын білдіреді. Бағынқы және басынқы сөйлем бөліктеріндегі әрекет етуші біреу ғана. Яғни, сөйлемдегі бастауыш біреу ғана болып табылады. Мысалы, 동생이 약국에 가다가 집에 다시 돌아왔어요. Інім дәріханаға бара жатып, үйге қайта аралды – деген сөйлемде інісі мүмкін үйде әмиянды ұмытып кетіп, алу үшін қайта үйге оралды деп ойласақ, дәріханаға бару әрекетін тоқтатып (аяқтамай), басқа әрекетті (үйге оралу) бастады.

Мысал:

영화관에서 영화를 보다가 잠이 들었어요.

Кинотеатрда кино көріп, ұйықтап қалдым.

친구들과 배구를 하다가 다리를 다쳤습니다.

Достарыммен волейбол ойнап жатып, аяғымды жарақаттап алдым.

커피숍에 가다가 친구를 만났어요.

Кофеханаға бара жатып, досымды кездестіріп қалдым.

제가 집을 청소하다가 잃어버린 귀걸이를 찾았어요.

Мен үй жинап жатып, жоғалтып алған сырғамды тауып алдым.

~(으)니/는지 알다/모르다

Құрылымы: Зат есімнің, етістіктің және сын есімнің түбіріне жалғанады. Зат есімге -인지 알다/모르다 жалғанады, ал етістікке -는지 알다/모르다 жалғанса, сын есімге -은 지 알다/모르다 жалғанады. 알다/모르다 тіркесіп, қолданылады.

Мағынасы: Бұл грамматикалық құрылым белгілі бір жайттар, фактілер немесе адам жайлы ақпаратқа ие болмағанда/білмегенде несесе сенімсіз болған жағдайда қолданылады.

Мысал:

마디나 씨는 언제 오는지 아세요?

Мадина ханым қашан келетінін білесіз бе?

보이지 않아서 그 키가 큰 남자는 우리 형인지 잘 몰라요.

Көрінбей тұрған соң сол бойы ұзын адам ағам ба екенін білмей жатырмын.

제가 준 책이 재미있는지 모르겠어요.

Мен берген кітап қызықты ма екенін білмеймін.

어떤 선물이 좋은지 몰라요.

Қандай сыйлық жақсы екенін білмеймін.

서수사

Құрылымы: Сан есімге, яғни корей тілінің сандарына 번째 сөзінің қатарласа, тіркесіп жазылу арқылы жасалады.

Мағынасы: Қазақ тіліндегі реттік сан есіміне сәйкес болып келеді.

첫 번째	Бірінші
두 번째	Екінші
세 번째	Үшінші
네 번째	Төртінші
다섯 번째	Бесінші
여섯 번째	Алтыншы
일곱 번째	Жетінші
여덟 번째	Сегізінші
아홉 번째	Тоғызышы

열 번째	Оныншы
스무 번째	Жиыrmасыншы
서른 번째	Отызыншы
마흔 번째	Тоқсаныншы
백 번째	Жүзінші
마지막	Соңғы

Мысал:

두 번째 사거리에서 오른쪽으로 가세요.
 Екінші қиылыста оң жаққа бұрылыңыз.
 오늘 제 스물 다섯 번째 생일이예요.
 Бүгін менің жиырма бесінші туған күнім. (Бүгін мен жиырма беске толдым)

- A. 제가 몇 번째 사람입니까?
- B. 일곱 번째니까 조금만 더 기다리세요.
- A. Мен (кезекте) нешінші адаммын?
- B. Сіз жетінші болғандықтан сәл ғана күте тұрыңыз.
- C.

~ (으)려고

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғанады. Егер етістіктің түбірі дауысты дыбысқа аяқталатын болса, -려고 жалғанады. Дауыссыз дыбысқа аяқталатын жағдайда -으려고 жалғанады. 르-ге аяқталатын етістіктердің түбіріне 려고 жалғанады.

Мағынасы: Белгілі бір әрекетті орындауға ниеттелуді немесе келешек жоспарларын, мақсаттарын жүзеге асыруға деген ұмтылысын білдіреді. Бағыныңқы сөйлем бөлігінде орналасады және сол бағыныңқы сөйлем бірінші болып жазылады.

Мысал:

한국말을 배우려고 한국어 학원에 다녀요.
 Корей тілін үйрену үшін корей тілі курсына жазылдым.
 저는 신발을 신으려고 잠깐 앉았어요
 Мен аяқ киімнің бауын байлаймын деп инкейдім.
 책을 읽으려고 도서관에 갑니다.
 Кітап оқу үшін кітапханға барамын.
 돈을 벌려고 한국 회사에 취직했습니다.
 Ақша табу үшін корей компаниясына жұмысқа орналастым.



~ (을)리게요

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғанады. Етістіктің түбірі дауысты дыбысқа аяқталатын болса, -르 게요 жалғанады. Ал етістіктің түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталған жағдайда -을게요 жалғанады. 르-ге аяқталатын етістіктердің түбіріне -게요 жалғанады.

Мағынасы: Сөйлеушінің тыңдаушыға белгілі бір әрекетті орындауға уәде беруін немесе орындауға дайын екендігін білдіреді. Әрқашан 1-ші жақта қолданылады.

Мысал:

학교 앞에서 기다릴게요.
 Университеттің алдында күтіп тұрамын.
 이 문제를 해결하기 위해 도와 줄게요.
 Бұл мәселені шешуге көмектесемін.
 죄송합니다. 일이 있어서 먼저 갈게요.
 Кешіріңіз, шаруаларым көп болған соң кете берейін.
 A. 길이 막혀서 조금 늦을 것 같아요.
 B. 그래요? 그럼 커피숍에서 기다릴게요.
 A. 네, 미안해요. 금방 갈게요.
 A. Жолда кептелістер, сондықтан кешігетін сиқтымын.
 B. Солай ма екен? Онда кофеханада күтемін.
 A. Иә, кешіріңіз, тез келемін.

~ (으)ㄴ 적이 있다/없다

Құрылымы: Бұл грамматикалық құрылым етістіктің түбіріне жалғанады. Етістіктің түбірі дауысты дыбысқа аяқталатын болса, -ㄴ 적이 있다/없다 жалғанады, ал етістіктің түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, онда -은 적이 있다/없다 жалғанады.

Мағынасы: -ㄴ 적이 있다 грамматикалық құрылымы сөйлеушінің бұрын басынан өткен жағдайды, яғни тәжірибесін білдіреді. Ал -은 적이 없다 керісінше сөйлеушінің бұрын басынан өтпеген жағдайды, тәжірибені білдіреді.

Мысал:

한국 드라마를 본 적이 있어요?
 Корейлік теле хикаяларды көріп көрдіңіз ба?
 한국 음식을 먹은 적이 없어요.
 Корей тағамдарын жеген емеспін. (жеп көрген жоқпын)
 피아노를 배운 적이 없습니다.
 Пианино ойнауды үйренген жоқпын.
 A. 저 사람이 누구인 지 알아요?
 B. 아니요. 한 번도 만난 적이 없어요.
 A. Ана адамның кім екенін білесіз бе?
 B. Жок. Ешқашан кездестірген жоқпын.
 C.



~(는)군요

Құрылымы: Зат есімге, сын есімге және етістікке жалғанады. Зат есімге -(이)군요 жалғанады. Егер зат есім дауысты дыбысқа аяқталатын болса, -군요 жалғанып, дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, -이군요 жалғанады. Сын есімнің түбіріне -군요 жалғанады. Етістіктің түбіріне -는군요 жалғану арқылы жасалады.

Мағынасы: Сөйлеушінің жаңа фактілерге немесе естіген ақпараттарға таңқалуын маңаттануын білдіреді. Көп жағдайларда, сөйлеушінің айтылған ақпаратқа деген өзінің (таңқалу) реакциясын білдіргісі келгенде қолданылады.

Мысал:
한국어를 잘하는군요.

Корей тілінде жақсы сөйлейді. (екесін)
시험 문제가 정말 어렵군요.

Емтихан сұрақтары шынымен қиын екен.
마디나 씨의 동생이군요. 동생 키가 정말 크군요.

Мадинаның інісі екен ғой. Інісінің бойы шынымен ұзын екен.

- A. 우산이 있어요? 지금 밖에 비가 와요.
- B. 정말 비가 우는군요. 우산이 없는 게 어떻게 하죠?
- A. 콜 샷이를 바르 마? Қазыр жаңбыр жауып тұр.
- B. Шынымен жауып тұр екен. Кол шатырым жоқ еді, не істесем болады?

~아/어 보이다

Құрылымы: Сын есімнің түбіріне жалғанады. Егер сын есімнің түбірі дауысты дыбыс ㅏ немесе ㅑ дыбыстарына аяқталатын болса, -아 보이다 жалғанады, ал қалған жағдайларда -어 보이다 жалғанады. 하다 -ға аяқталатын сын есімдер - 해 보이다 болып өзгереді.

Мағынасы: Бұл грамматикалық құрылым белгілі бір құбылыстың, заттың немесе адамның сыртқы бейнесі негізінде өзінің ойын, пікірін, болжам-жорамалдарын жеткізуді білдіреді.

Мысал:
우리 아빠가 너무 피곤해 보여요.
Әкеміз қатты шаршаған болып көрінеді. (шаршаған сияқты)
이 음식이 맛있어 보여요.
Бұл тағам дәмді болып көрінеді. (бұл тағам дәмді ғой дим)
이 드레스를 사서 행복해 보여. 그렇게 좋아해?
Бұл көйлекті сатып алып, жүзін бақытты болып көрінесін. Соншалықты ұнай ма?

김치찌개가 매워 보입니다.
Кимчи чхиге ащы болып көрінеді. (ащы сияқты-ау)

반말

Құрылымы: Ресми 높임말 және бейресми 반말 сөйлеу стилдерінің салыстырмалы кестесі. Сонымен қатар, бейресми стиліне сөйлем типіне байланысты жалғанатын жалғаулар.

높임말		반말	
문장의 종류	예	문장의 종류	예
-이에요/예요	학생이에요	-이야/야	학생이야
-아/어요	봐요 / 먹어요	-아/어	봐 / 먹어
-아/어요?	좋아요? / 추워요?	-아/어? (-니?)	좋아? / 추워?
-(으)십시오	갑시다	-자	가자
-(으)세요	타세요	-아/어라	타라
-(으)러 거예요	먹을 거예요	-(으)러 거야	먹을 거야
이름 + 씨	민준 씨 / 유나 씨	이름 + 아/야	민준아 / 유나야

Сонымен қатар, тек етістіктер ғана түрленбейді, есімдіктер де түрленеді.

1 인칭		2 인칭
높임말	반말	
저는	나는	너는
제가	내가	네가
저를	나를	너를
제 (저의)	내 (나의)	네 (너의)

Мағынасы: Корей тілінде ресми сөйлеу стилімен қатар бейресми сөйлеу стилі де пайдаланылады. Бейресми сөйлеу стилі, яғни 반말 құрдастармен немесе өзінен жасы кішілермен немесе жақын араласатын адамдар арасында қолданысқа ие. Сөйлем типіне байланысты бейресми сөйлеу стилінің жалғаулары да әр түрлі болып түрленеді.

Мысал: 민수야, 여기는 우리 집이야.
Мин Су, бұл біздің үй.
비가 오니까 우산을 가지고 가/가라.
Жаңбыр жауып тұрғандықтан қолшатыр ал.

- A. 민준이, 잘 지냈니?
- B. 응, 잘 지냈어. 너는?
- A. 응, 나도. 오늘 같이 학교식당에서 점심을 먹자.
- B. 그래, 그러자. 지금 가면 사람이 많을 거야. 조금 이따가 가자.
- A. 민джун жақсымысың?

- B. Иә(Мхы), жақсымын. Өзің ше?
- A. Иә(мхм), мен де. Бүгін бірге университет асханасында түстелейік.
- B. Жарайды, сөйтеік. Қазір адам көп. Біраздан соң барайық.

~ (으)면 좋겠다

Құрылымы: Етістік пен сын есімнің түбіріне жалғанады. Егер етістіктің немесе сын есімнің түбірі дауысты дыбысқа аяқталатын болса, -면 좋겠다 жалғанып, ал түбір дауыссыз дыбысқа аяқталса, -으면 좋겠다 онда жалғану арқылы жасалады.

Мағынасы: Бұл грамматикалық құрылым сөйлеуші белгілі бір құбылыстың немесе әрекеттің орындалуын үміт еткенде немесе орындалуын қалағанын білдіргісі келгенде қолданылады.

Мысал: 시험을 잘 보면 좋겠어요.

Емтиханды жақсы тапсырсам, жақсы болар еді. (жақсы тапсырсам ғой)
 내일 날씨가 따뜻하면 좋겠어요.
 Ертең ауа райы жылы болса, жақсы болар еді.
 민수 씨는 병원에 입원했어요. 건강하고 쉰다면 좋겠어요.
 Мин Су ауруханаға түсті. Дені сау және аман-есен болса, жақсы болар еді.

- A. 오늘 저녁에 뭐 먹으면 좋겠어요?
- B. 스테이크를 먹으면 좋겠어요
- A. Бүгін кешкі асқа не жесе, жақсы болар ?
- B. 스테이크를 먹으면 좋겠어요.

~기 위해서

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғанады. Етістіктің түбірі дауысты не дауыссыз дыбысқа аяқталса да, -기 위해서 жалғанады. Қысқарған түрі -기 위해.

Мағынасы: Бұл грамматика сөйлеушінің белгілі бір іс-әрекетті орындауға ниетінің мақсатын көрсетіп беру үшін қолданылады. Қазақ тіліне «..... үшін» деп аударуға да болады.

Мысал: 늦지 않기 위해서 일찍 출발했어요.

Кешікпеу үшін ертерек шықтым.
 민준 씨는 대학교에 입학하기 위해서 열심히 공부를 했습니다.
 Минджун университетке түсу үшін аянбай оқыды.
 스마트폰을 사기 위해서 돈을 모았어요.
 스마트폰 사기 위해 돈을 모았어요.
 스마트폰 사기 위해 돈을 모았어요.
 스마트폰 사기 위해 돈을 모았어요.
 스마트폰 사기 위해 돈을 모았어요.
 스마트폰 사기 위해 돈을 모았어요.
 스마트폰 사기 위해 돈을 모았어요.
 스마트폰 사기 위해 돈을 모았어요.

~ (으)려면

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғану арқылы жасалады. Егер етістіктің түбірі дауысты дыбысқа аяқталатын болса, -려면 жалғанады. Дауыссыз дыбысқа аяқталса, онда -으려면 жалғанады.

Мағынасы: Сөйлемнің бірінші бөлігінде (бағыныңқы сөйлем) белгілі бір ниеттің, іс-әрекеттің не жоспардың жүзеге асу-аспауын, орындалу-орындалмауын тыңдарман қалаған жағдайда, сөйлемнің екінші бөлігіндегі басыңқы сөйлемде) шарттарды орындауы қажет.

Мысал: 감기가 걸리지 않으려면 따뜻하게 입으세요.

Суық тигізбеймін десеңіз, жылы киініңіз.
 통장을 만들려면 신분증이 필요해요.
 Жинақ кітабын ашқыңыз келсе (ашу үшін) жеке куәлігіңіз керек.
 살을 빼려면 운동을 열심히 해야 돼요.
 Салмақ тастағыңыз келсе, ерінбей спортпен шұғылдану керек.

- A. 한국말을 잘하고 싶어요.
- B. 한국말을 잘하려면 매일 한국말로만 이야기하세요.
- A. Корей тілінде жақсы сөйлегім келеді.
- B. Корей тілінде жақсы сөйлегіңіз келсе, күнде тек корей тілінде сөйлеңіз.

~처럼/~같이

Құрылымы: Зат есімге жалғанады. ~처럼 мен ~같이 мағыналы бірдей әрі қолдануында ешқандай айырмашылық жоқ. Сөйлеуді түрлендіру үшін екі нұсқасы қоладыналады.

Мағынасы: Белгілі бір адам, зат немесе адам басқа бір адамға, затқа ұқсас екенін білдіреді. Яғни, салыстыру мақсатында қолданылады. Қазақ тілге «сияқты немесе секілді» деп аударуға болады.

Мысал: 저 아이는 어른처럼 말해요.

(아이가 말을 어른같이 해요.)
 Ана бала үлкендер сияқты сөйлейді.
 (Бала үлкендер секілді сөйлейді.)
 저는 한국사람처럼 한국어를 잘 할 수 있으면 좋겠어요.
 Мен корейліктер сияқты корей тілінде жақсы сөйлей алсам, жақсы болар еді.
 철수는 가수처럼 노래를 잘 부르네요.
 Чолсу әнші сияқты әнді жақсы айтады екен.

- A. 민수 씨의 음식이 진짜 맛있어요.
- B. 네, 요리 전문가처럼 요리할 수 있어요.
- A. Мин Судын тағамдары өте дәмді.
- B. Иә, кәсіби аспазшы сияқты тағадарды пісіреді.

~고 있다 (작용)

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғану арқылы жасалады. **있다** сөзі етістіктен бөлек жазылса, **-고** етістіктің түбіріне тікелей жалғанады. **-고 있다** грамматикасының сыпайы түрі **-고** жетеді.

Мағынасы: **입다, 신다, 쓰다, 끼다, 벗다** сияқты киюді немесе шешуді білдіретін етістіктермен қолданылады және белгілі бір киімді немесе әшекейді киіп тұруды білдіреді. Яғни, сол (киіп тұру) әрекеті созылып жатқанын, сол адамның белгілі бір уақытта белгілі бір киімде киініп тұрғанын білдіреді.

Мысал: 우리 아버지께서 검은색 안경을 쓰고 계세요.

Біздің әкеміз қара түсті көзілдірік киіп тұр.

검은색 코트를 입고 있는 사람은 우리 오빠예요.

Қара пальто киіп тұрған адам менің ағам.

A. 민수 씨가 결혼했어요?

B. 네, 결혼반지를 끼고 있잖아요.

A. 민수 씨가 결혼했어?

B. Иә, неке жүзігін киіп тұр ғой.

A. 마디나 씨가 누구예요?

B. 저 사람이 마디나 씨예요. 빨간색 원피스를 입고 있어요.

A. 마디나 деген кім?

B. Ана адам Мадина. Қызыл көйлектегі. (Қызыл көйлек киіп тұрған.)

C.

~(으)니/는 데다가

Құрылымы: Етістік пен сын есімнің түбіріне жалғанады. Етістіктің түбіріне және **있다, 없다** сөздеріне **-는** **데다가** жалғанады. Сын есімнің түбіріне **-(으)니** **데다가** жағанады. Алайда, сын есімнің түбірі дауысты дыбысқа аяқталатын болса, немесе **ㄹ** әріпіне аяқталатын болса, **-ㄴ** **데다가** жалғанады, ал дауыссыз дыбысқа аяқталатын сын есімдердің түбіріне **-은** **데다가** жалғанады. Сонымен қатар, зат есімге де жалғанады. Зат есімге **-인** **데다가** жалғанады.

Мағынасы: Екінші сөйлем бөлігіндегі іс-әрекет немесе жағдай алдыңғы сөйлемде айтылғандарға қосымша болатынын көрсетеді. Яғни, Басынқы сөйлемдегі әрекет немесе жағдай бағыныңқы сөйлемде болып жатқан әрекетке немесе жағдайға қосымша бір әрекет немесе жағдай болады. Бұл грамматикалық құрылымды қазақ тіліне «сонымен қатар, сонымен бірге, - мен қатар, оған тағы қоса» деп аудару әбден болады. Сөйлемнің екі бөлігі де жағымды(позитивті) немесе жағымсыз(негативті) болуы керек. Яғни, әр түрлі бола алмайды және екі сөйлем бөлігінің бастауышы ортақ болуы керек.

Мысал:

지원 씨는 얼굴도 예쁜 데다가 성격도 좋아요.

Чивонның келбеті де әдемі болғамен қатар мінезі де жақсы.

준영씨는 영어를 잘 하는 데다가 노래도 잘 불러서 동료 사이에서 인기가 있어요.

Чунен ағылшынша жақсы сөйлегенімен қатар (жақсы сөйлейді, сонымен қатар) ән де жақсы айтатындықтан құрдастары арасында танымал.

숙제가 어려운 데다가 시간도 없어서 숙제를 못 했어요.

Үй жұмысы қиын болғанымен қатар, уақыт та жоқ болған соң үй жұмысын жасай алмадым.

열이 많이 나는 데다가 기침도 많이 해요.

Қызуым қатты көтерілгенімен қатар, көп жөтелемін.

(Қызуым қатты көтерілгенімен, оған тағы қосқанда көп жөтелемін.)

친구가 부자인 데다가 발이 아주 넓어요.

Менің досым бай, сонымен бірге оның байланыстары өте көп.

~거나

Құрылымы: Етістіктің немесе сын есімнің түбіріне жалғанады. Етістік немесе сын есім дауыссыз дыбысқа не дауысты дыбысқа аяқталса да, бәрібір **-거나** жалғанады.

Мағынасы: Қазақ тіліндегі «немесе, әлде, я, не, яки, болмаса» талғаулықты қатынасты білдіретін жалғаулық шылауларына сәйкес келеді. Яғни бірнеше әрекет немесе жағдайды талғап, таңдауда қолданылады.

Мысал:

내일 친구와 같이 영화를 보거나 노래방에 갈 거예요.

Ертен досыммен бірге кино көреміз немесе караоке барамыз.

고향에 있는 친구에게 편지를 보내거나 전화를 해요.

Туған жердегі досыма хат жіберемін не қоңырау шаламын.

오래된 차를 고치거나 새로운 차를 사야 돼요

Ескірген машинамы жөндеу керек не болмаса жаңасын сатып алуым керек.

A. 어떤 곳에 여행을 가고 싶어요?

B. 자연이 아름답거나 역사가 오래된 곳에 가고 싶어요.

A. Қай жерге саяхаттағын келеді?

B. Табиғаты керемет жерге немесе тарыхы бай жерге барғым келеді.

~(으)ㄴ 때

Құрылымы: Етістіктің немесе сын есімнің түбіріне жалғанады. Егер етістіктің немесе сын есімнің түбірі дауысты дыбысқа аяқталатын болса, **-ㄴ** **때** жалғанады. Етістіктің немесе сын есімнің түбірі дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, **-을** **때** онда жалғанады. Алайда, етістіктің немесе сын есімнің түбірі **-ㄴ** дыбысына аяқталатын жағдайда, онда ол түсіп қалып, **-ㄴ** **때** оған жалғанады. Өткен шақта **있을 때 / 었을 때 / 했을 때** деп түрленеді.

Мағынасы: Бұл грамматикалық құрылым іс-әрекеттің пайда болу уақытын немесе оның ұзақтығын білдіру. Яғни, әрекет немесе құбылыс белгілі уақыт үзіндісінде жүзеге асып жатқанын, жүзеге асатынын немесе жүзеге асқанын білдіреді. Қазақ тіліне «кезде, барысында» деп аударуға болады.

Мысал:

시험을 볼 때 옆 사람의 시험지를 보지 마세요.

Емтихан тапсыру барысында (тапсырып жатқан кезде) қасыңыздағы адамның емтихан бланкыне қарамаңыз.

날씨가 좋을 때, 여행을 가겠습니다.

Ауа-райы жақсы кезінде саяхаттаймын.

(Ауа-райы жақсарған кезде саяхаттаймын.)

내가 밥을 먹을 때 음악을 듣는 것을 좋아해.

Мен тамақтанған кезде музыка тыңдағанды ұнатамын.

가방을 처음 봤을 때 가짜인 것을 알았어요.

Сумканы көрген кезде (көргенде) оригинал емес екенін байқадым.

~지 마세요 (말다)

Құрылымы: Бұл грамматикалық құрылым етістіктің түбіріне жалғанады. Етістік дауыссыз дыбысқа не дауысты дыбысқа аяқталса да, бәрібір -지 말다 жалғанады. -지 тікелей етістіктің түбіріне жалғанады, ал 말다 етістіктен бөлек жазылады.

Мағынасы: Белгілі бір әрекетті орындамауға, істемеуге болмайтынын білдіреді. Яғни, қимылдың, іс-әрекеттің тыңдаушыға (II-жақ) я бөгде біреуге (3-жақ) қаратылып, бұйыра, талап, тілек етіле айту мағынасын білдіреді. Қазақ тіліндегі бұйрық райға сәйкес. Етістіктің бұйрық рай тұлғасы бұйрықтық мағынамен бірге талап, тілек ету, ниет мағыналарын да білдіреді. Әдетте бұйрықтық, талап ету мағынасы II және III жақтарда анық көрінеді де, I жақта ол көбіне ниет ету мәнінде келеді. Алайда өзінен кейін басқа жалғауларды жалғайтын болса, мысалы, -지 마세요, -지 마십시오, онда әрекетті сыпайы түрде орындамауды талап етуді немесе өтінішті білдіреді, ал -지 맙시다 жалғанса, әрекетті сыпайы түрде орындамауға ынталандыруды, тілекті білдіреді.

Мысал:

음식을 너무 빨리 먹지 마세요

Тамақты өте тез жеменіз.

여기에서 담배를 피우지 마십시오.

Мұнда темекі тартпаңыз.

쓰레기를 버리지 맙시다!

Қоқысты лақтырмайық!

밤 늦게까지 일하지 말아요.

Түннің бір уағынадейін жұмыс істеме.

~나/(으)니까 보다

Құрылымы: Етістіктің, сын есімнің түбіріне және зат есімге де жалғанады. Етістіктің түбіріне - 나 보다 жалғанады және дауысты не дауыссыз дыбысқа аяқталуы маңызды емес. Сын есімнің түбіріне - (으)니까 보다 жалғанады. Яғни, сын есімнің түбірі дауысты дыбысқа аяқталса, -니까 보다 жалғанады, дауыссыз дыбысқа аяқталса, -은가 보다 жалғанады. Зат есімге - 인가 보다 жалғану арқылы жасалады. Өткен шақ формасы етістіктер үшін де сын есімдер үшін де - 았/였나 보다 болады. Зат есімнің өткен шағы - 이었/였나 보다. Келер шақ формасы (으)ㄴ건가 보다. Келер шағы тек етістіктерге ғана жалғанады және етістік дауысты дыбысқа аяқталса, ㄴ건가 보다 жалғанады, ал дауыссыз дыбысқа аяқталса, 을 건가 보다 жалғанады. 건가 түбірге жалғанбай бөлек жазылады. 보다 барлық жағдайларда да сөзге жалғанбайды. Түбірден бөлек жазылады. 있다/없다 бар сөздерге - 나 보다 жалғанады.

Белгілі бір іс-әрекетке немесе құбылысқа деген болжамын білдірді. Яғни, сөйлеуші өзі көріп, сол көрген әрекетке не құбылысқа жорамал жасауы не болмаса, естігеніне болжам жасауы. Яғни, біреудің айтқанына не әңгіме қылып отырған адам өзі айтқанына сүйіне отырып, естігенін ой елегінен өткізіп, қорытындысына, нәтижесіне болжам жасауы.

Мысал:

엄마는 전화를 안 해서 바쁘가 봐요.

Анашым телефон тұтқасын алмай жатыр, қолы бос емес сияқты болып көрінеді.

사람들이 모두 밖으로 나오네요. 공연이 다 끝났나 봐요.

Адамдардың барлығы сыртқа шығып жатыр. Көрініс біткен сияқты.

날이 흐린 걸 보니까 비가 올건가 봐요.

Күн бұлттанайын деп жатқанына қарағанда, жаңбыр жауайын деп жатқан сияқты.

지금 퇴근 시간인가 봐요. 지하철에 사람들이 많아요.

Қазір жұмыс біту уақыты сияқты. Метрода адамдар көп.

A. 식당 앞에 사람이 많이 있네요.

B. 네, 저 식당의 음식이 맛있나 봐요.

A. 레스토랑에 사람이 많이 있네요.

B. Иә, сол ресторанның тамағы дәмді сияқты болып көрінеді.

~에 대해서

Құрылымы: -에 대해서 зат есімге жалғану арқылы жасалады. Зат есім тұлғалы сөзге тікелей жалғанса, 대해서 сөзбен бірге емес, бөлек жазылады. Сонымен қатар, бұл грамматикалық құрылымның басқа да - 에 대해/ - 에 대하여 деген формалары бар.

Мағынасы: Белгілі бір адам, зат, құбылыс жайында әңгіме қозғалған жағдайда қолданылады. Қазақ тілінде «туралы, жайында» атау септік тұлғалы шылауға сәйкес келеді.

Мысал:

그 회사에 대해서 자세히 소개해 주세요.

Бұл компания туралы дұрыстап айтып беріңіз

(Компанияны егжей-тегжейлі таныстыруыңызды өтінемін.).

저는 한국 문화에 대해서 책을 쓰고 싶습니다.

Мен корей мәдениеті туралы кітап жазғым келеді.

나는 너에 대해서 생각했어.

Мен сен туралы ойладым.

A. 뭐에 대한 책을 읽어요?

B. 한국 역사에 대해서 읽어요.

A. Не туралы оқып отырсыз?

B. Корея тарихы жайлы оқып отырмын.

~거든요

Құрылымы: Етістік пен сын есімнің түбіріне жалғанады. Зат есіммен де қолданылады. Етістік пен сын есімнің түбіріне – 거든요 жалғанады және дауысты не дауыссыз дыбысқа аяқталуы маңызды емес. Ал, зат есімге – (이)거든요 жалғанады. Егер зат есім дауысты дыбысқа аяқталса, – 거든요 жалғанып, дауыссыз дыбысқа аяқталса, онда – 이 거든요 жалғанады.

Мағынасы: Сөйлемнің соңында келіп, алдыңғы айтылғандардың себебін, неге солай екенін сипаттап түсіндіру мақсатында қолданылады. Тек ауызекі сөйлеуде қолданылады және сөйлемнің басында қолданылмайды.

Мысал:

A. 왜 음식을 이렇게 많이 준비해요?

B. 집에 친구들이 많이 오거든요.

A. Неге тамағадарды көп әзірлеп жатырсың?

B. Уйге достарым көп келетіндіктен. (көп әзірлеп жатырмын)

A. 왜 점심을 안 먹었어요?

B. 아침을 너무 많이 먹었거든요.

A. Неге түскі асты ішпедің?

B. Таңертен өте көп жеп қойғандықтан.

A. 마디나 씨, 저 사람하고 많이 닮은 것 같아요.

B. 네. 제 동생이거든요.

A. Мадина, ана тұрған адамға қатты ұқсайтын сияқтысыз.

B. Иә, бұл менің інім болғандықтан болар.

A. 왜 울고 있어요?

B. 지금 보고 있는 영화가 너무 슬프거든요.

A. Неге жылап отырсың?

B. Карап отырған фильм өте қайғылы болғансоң ғой.

‘ㅅ’ 불규칙 용언

A. 벌써 자요?

B. 네, 내일 일찍 일어나야 하거든요.

A. Уйықтап жатсын ба не?

B. Иә, ертең ерте оянуым керек болған соң.(жаттым) Құрылымы: Етістіктің түбірі **нат**, **짓**, **붓**, **젓** сияқты сөздердегідей ‘ㅅ’ дыбысына аяқталып, одан кейін жалғанатын буын дауысты дыбыстан басталатын болса, онда ‘ㅅ’ дыбысы түсіп қалады. Алайда, **씻**, **웃**, **벗** сөздері жоғарыда айтылып кеткен ережеге бағынбайды. Яғни, дауысты буын жалғанса да, ‘ㅅ’ түсіп қалмайды.

нат: **нат** + **아요**=**나아요** **짓** + **아요**=**짓아요** **붓** + **습니다**=**붓습니다**

Түбірге жалғанған буын дауыссыз дыбыстан басталған соң ‘ㅅ’ түсіп қалған жоқ

Алайда, **씻**, **웃**, **벗** сияқты ‘ㅅ’ аяқталып тұрған сөздерінен кейін дауысты дыбыстан басталатын буын жалғанғанымен де, ‘ㅅ’ түсіп қалмай, сол қалпында қалды.

씻다: **씻** + **어요**=**씻어요** **씻** + **습니다**=**씻습니다**

씻다 сөзі ережеге бағынбайтындықтан, түбірге дауысты дыбыстан басталатын буын жалғанса да, дауыссыз дыбыстан басталатын буын жалғанса да, ‘ㅅ’ түспейді.

Мысал:

상처가 아직 낫지 않았어요.

Жарам әлі жазылмаған.

건물 안에서 모자를 벗으세요.

Ғимарат ішінде бас киімді шешіңіз.

꿀벌이 물어서 얼굴이 부었어요.

Ара тістеп алған соң, бетім ісіп кетті.

모르는 단어에 밑줄을 그어 보세요.

Білмейтін сөздің астын сызыңыз.

간접화법 평서형

Құрылымы: Етістік пен сын есімнің түбіріне, зат есімге жалғанады. Етістіктің түбіріне –**ㄴ**/**는**다고 하다 жалғанады. Егер етістіктің түбірі дауысты дыбысқа аяқталса, –**ㄴ**다고 하다 жалғанады, ал дауыссыз дыбысқа аяқталған жағдайда, –**는**다고 하다 жалғанады. Сын есімнің түбіріне –**다**고 하다 жалғанады. Сын есімнің дауысты немесе дауыссыз дыбысқа аяқталғаны маңызды емес. Өткен шақта етістік пен сын есімнің түбіріне –**았**/**었**/**였**다고 하다 жалғанса, ал келер шақта түбіріне –**(으)ㄹ** 거라고 하다 жалғанады. Егер етістіктің немесе сын есімнің түбірі дауысты дыбысқа аяқталатын болса, –**ㄹ** 거라고 하다 жалғанады, ал егер түбір дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, онда –**을** 거라고 하다 жалғанады. Осы шақта зат есімге –**(이)**라고 하다 жалғанады. Егер зат есім дауысты дыбысқа аяқталатын жағдайда, –**라**고 하다 жалғанады, ал дауыссыз дыбысқа аяқталса, онда –**이**라고 하다 жалғанады. Зат есімге өткен шақта –**였**다고 하다 немесе –**□**였다고 하다 жалғанады. Зат есім дауысты дыбысқа аяқталса, –**였**다고 하다 жалғанады.

нады, ал дауыссыз дыбысқа аяқталса, **-이었다고 하다** жалғанады. Зат есім келер шақта **-일 거라고 하다** жалғануы арқылы жасалады.

Мағынасы: Хабарлы сөйлемнің төлеу сөзі. Яғни, сөйлеушінің басқа бір адамның не адамдардың сөзін тыңдаушыға сол қалпында емес, сәл өзгерте мағынасын айтып жеткізуі. Қазақ тіліне төлеу сөзді тұлғалы бола алатын «деп айтты, деп ескертті, деп хабарлады, деді, дейді, деді т.б.» сияқты етістіктерді қолдана отырып аударуға болады.

동사 Етістік	현재 Осы шақ	니다고 하다	마신다고 합니다
		는다고 하다	읽는다고 합니다
	과거 Өткен шақ	았/였/였/했다고 하 다	마셨다고 합니다
			읽었다고 합니다
미래 Келер шақ	르거라고 하다	마실 거라고 합니다	
	을 거라고 하다	읽을 거라고 합니다	

형용사 Сын есім	현재 Осы шақ	다고 하다	예쁘다고 합니다
			많다고 합니다
	과거 Өткен шақ	았/였/였/했다고 하 다	예뻐다고 합니다
			많았다고 합니다
미래 Келер шақ	르거라고 하다	예쁠 거라고 합니다	
	을 거라고 하다	많을 거라고 합니다	

명사 Зат есім	현재 Осы шақ	라고 하다	의사라고 합니다
		이라고 하다	학생이라고 한비다
	과거 Өткен шақ	였다고 하다	의사였다고 합니다
		이었다고 하다	학생이였다고 합니 다
미래 Келер шақ	일 거라고 하다	의사일 거라고 합 니다	
		학생일 거라고 합 니다	

Бұл грамматикалық құрылымның соңындағы **하다** етістігін, басқа да, **말하다, 말씀하다, 듣다, 알리다, 전하다, 빙히다** т.б. сияқты етістіктермен алмастыруға болады. Сонымен қатар, **하다** етістігін өткен шақта да қолдануға болады

Мысал:

마디나 씨는 매운 음식을 안 먹는다고 했어요.
Мадина ащы тамақ жемеймін деді.
민준 씨는 주말에 친구와 극장에 갔다고 합니다.

Мин Джун демалыс күндері досымен театрыға бардық деді.

한국에서는 여행 비자로 일을 할 수 없다고 들었어요.

Кореяда туристік визамен жұмыс істей алмайсын деп естідім.

민수 씨 형은 의사라고 합니다.

Мин Судың ағасы дәрігер дейді.

제 친구가 코로나 비루스때문에 다음 주부터 2주 동안 알마티에서 모든 백화점들이 문을 닫을 거라고 했어요.

Менің досым корона вирустың кесірінен келесі аптадан бастап, 2 апта бойы Алматыда барлық сауда үйлері жабылады деп айтты.

간접화법 의문형, 명령형, 정유형

간접화법 의문형

Құрылымы: Етістік пен сын есімнің түбіріне, зат есімге жалғанады. Етістік пен сын есімнің түбіріне **-냐고** 하다 жалғанады. Өткен шақта етістік пен сын есімнің түбіріне **-았/였/였/했냐고** 하다 формасы жалғанады. Келер шақта тек етістікпен қолданылады және түбір дауысты дыбысқа аяқталса, **-르 거냐고** 하다 формасы түбірге жалғанады. Ал түбір дауыссыз дыбысқа аяқталса, **-을 거냐고** 하다 жалғанады. Зат есімге **-(이)냐고** 하다 жалғанады. Егер зат есім дауысты дыбысқа яқталатын болса, **-냐고** 하다 жалғанып, дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, онда **-이냐고** 하다 жалғанады. Зат есімнің өткен шағы **-이였/였다고** 하다 формасының жалғануы арқылы жасалады. Зат есім дауысты дыбысқа аяқталатын болса, **-였다고** 하다 жалғанып, дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, онда **-이였다고** 하다 жалғанады. Бұл грамматикалық құрылымның тағы бір **-느** **냐고** 하다 формасы кездеседі. Алайда, көп жағдайда **-□** түсіп қалып, түбірге тек **-냐고** 하다 жалғанады.

Мағынасы: Сұраулы сөйлемнің төлеу сөзі. Яғни, сөйлеушінің басқа бір адамның не адамдардың сұрағын тыңдаушыға сол қалпында емес, сәл өзгерте мағынасын айтып жеткізуі. Қазақ тіліне төлеу сөзді тұлғалы бола алатын «деп сұрады, дейді, деді т.б.» сияқты етістіктерді қолдана отырып аударуға болады.

동사 Етістік	현재 Осы шақ	냐고 하다	자냐고 합니다
			먹냐고 합니다
	과거 Өткен шақ	았/였/였/했냐고 하 다	졌냐고 합니다
			먹었냐고 합니다
미래 Келер шақ	르 거냐고 하다	잘 거냐고 합니다	
	을 거냐고 하다	먹을거냐고 합니다	

형용사 Сын есім	현재 Осы шақ	냐고 하다	예쁘냐고 합니다
			재미있냐고 합니다
	과거 Өткен шақ	았/였/였/했냐고 하 다	예뻐냐고 합니다
			재미있냐고 합니다
미래 Келер шақ	қолданылмайды		

명사 Зат есім	현재 Осы шақ	냐고 하다	기자냐고 합니다
	과거 Өткен шақ	이냐고 하다	경찰이냐고 합니다
		였다고 하다	기자였냐고 합니다
	이었다고 하다	경찰이었냐고 합니다	
미래 Келер шақ	қолданылмайды		

Мысал:
 민재 씨가 오늘 바쁘냐고 물었어요.
 Мин Дже бүгін бос емессін ба деп сұрады.
 мадина 씨가 저한테 어느 나라 사람ая냐고 했어요.
 Мадина менен қай елдің азаматысың деп сұрады.
 카이라트 씨가 마디나에게 어디에 살았냐고 했어요.
 Қайрат Мадинадан қайда өмір сүресін деп сұрады.
 민수 씨가 저한테 내일 파티에 갈 거냐고 했어요.
 Мин Су менен ертен жиын-тойға барасын ба деп сұрады.

간접화법 명령형

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғанады. Етістіктің түбірі – (으)라고 하다 жалғанады. Егер етістіктің түбірі дауысты дыбысқа аяқталатын болса, –라고 하다 жалғанады ал, түбір дауыссыз дыбысқа аяқталса, онда –으라고 하다 жалғанады. Болымсыз формасы –지 말라고 하다. Егер етістіктің түбірі ‘르’ дыбысына аяқталатын болса, онда түбірге –라고 하다 жалғанады.

Мағынасы: Бұйрық райлы төлеу сөз. Яғни, сөйлеушінің басқа бір адамның не адамдардың бұйрығын немесе өтінішін тыңдаушыға сол қалпында емес, сәл өзгерте мағынасын айтып жеткізуі. Қазақ тіліне төлеу сөзді тұлғалы бола алатын «деп айтты, деп ескертті, деп бұйырды, деп өтінді, деді, дейді, деді т.б.» сияқты етістіктерді қолдана отырып аударуға болады.

Өткен шақ пен келер шақта қолданылмайды.

동사 Етістік	현재 Осы шақ	라고 하다	보라고 합니다
		으라고 하다	닫으라고 합니다
		지 말라고 하다	읽지 말라고 합니다

Ескеру Басқа бір адамның немесе адамдар тобының белгілі бір әрекетті орындап беру өтінішін тыңдарманға айтып жеткізу үшін 아/어/여/해 달라고 하다 формасы қолданылады.

Мысалы:
 남동생이 자꾸 놀아 달라고 해요. (менің інім жиі менімен ойшы деп жалына береді), 친

구한테 숙제 도와 달라고 했어 (досымнан үй жымысымен кометесуін сұрадым).

Мысал:

언니가 나에게 청소를 하라고 했어요.
 Әпкем маған үй жина деп айтты.
 선생님이 교실에서 휴대폰을 끄라고 했어요.
 Мұғалім аудиторияда телефонды өшір деп айтты.
 선생님께서 수업 시간에 떠들지 말라고 하셨어요.
 Мұғалім сабақ уақытында шуламауды өтінді (шуламандар деді).
 마지막에 나갈 때는 창문을 꼭 닫으라고 했어요.
 Соңғы болып шыққанда терезені міндетті түрде жабыңыз деп айтты.

간접화법 청유형

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғанады. Етістіктің түбіріне –자고 하다 жалғанады. Түбірдің дауысты дыбысқа немесе дауыссыз дыбысқа аяқталуы маңызды емес.

Мағынасы: Яғни, сөйлеушінің басқа бір адамның не адамдардың белгілі бір әрекетті орындауға шақыру өтінішін немесе ынтасын тыңдаушыға сол қалпында емес, сәл өзгерте мағынасын айтып жеткізуі. Қазақ тіліне төлеу сөзді тұлғалы бола алатын «деп айтты, деп ескертті, деді, дейді, деді т.б.» сияқты етістіктерді қолдана отырып аударуға болады. Өткен шақ пен келер шақта қолданылмайды.

Мысал:

마이라 씨가 점심을 같이 먹자고 했어요.
 Майра бірге түстенейік деді.
 남지 친구가 내년에 결혼하자고 했어요.
 Ер азаматым келесі жылы үйленейік деп айтты.
 친구가 내일 백화점에 가자고 했어요.
 Досым ертен сауда үйіне барайық деп шақырды.

~(으)ㄴ지

Құрылымы: Етістіктің түбіріне жалғанады. Егер етістіктің түбірі дауысты дыбысқа аяқталатын болса, –ㄴ지 жалғанады, ал егер дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, онда –은지 жалғанады.

Мағынасы: Белгілі бір әрекет немесе оқиға болғаннан бері қанша уақыт өткенін көрсетеді. Яғни, белгілі әрекетті орындаудағы өткен уақыт аралығын сипаттайды немесе әрекеттің белгілі бір уақытта басталып, белгілі уақыт аралығында жалғасып келіп, осы кезге дейін жетіп аяқталмауы, әлі де жалғасып келуін немесе жалғасып келіп, қазіргі таңда аяқталғанын білдіреді. Көп жағдайларда 되다/ 넘다/ 지나다 сияқты етістіктермен бірге тіркесіп келеді.

Мысал:

한국어를 공부하기 시작한 지 2년이 됐어요.

Корей тілін оқи бастағаным 2 жыл болды.

밥을 먹은 지 2시간 됐어요.

Тамақ ішкеніме 2 сағат болды.

우리가 만난 지 5년이 됐어요.

Біз танысқанымызға 5 жыл болды.

A. 여기에서 산 지 오래됐어요?

B. 네, 이사한 지 벌써 20년이 지났어요.

Осы жерде тұрып жатқанына көп болды ма?

Иә, көшіп келгелі бері 20 жыл өтті.

결혼한 지 얼마나 됐어요?

Үйленгеніңізге қанша уақыт болды? (Үйленгелі бері қанша уақыт болды?)

~기로 하다

Құрылымы: Етістіктің түбіріне -기로 하다 жалғануы арқылы жасалады. Етістіктің түбірі дауысты немесе дауыссыз дыбысқа аяқталса да, -기로 하다 жалғанады.

Мағынасы: Белгілі әрекетті орындауға шешім қабылдап қойғанда немесе орындауға бірге ақылдасып, уәделесіп қойған жағдайларда қолданылады. -기로 했다 деп өткен шақ формасында қоладанылса, ол шешім қабылдап қойғанды білдіреді. Өткен шақ жұрақтары түбірге емес, соңғы 하다сөзіне жалғанады. Ал -기로 하다 осы шақ формасында қолданылса, онда белгілі бір әрекетті орындауға ұсынғанда немесе орындауға уәде бергенде, орындауға келіскенде қолданылады. Осы шақтағы қолданылуы -다시다 формасына ұқсас болып келеді, ал уәде еткен мағынада қарапайым хабарлы сөйлемге ұқсас болып келеді. Көп жағдайларда өткен шақ формасы қолданылады.

Мысал:

이번 주말에 친구들과 같이 영화관에 가기로 했어요.

Осы аптада достарыммен бірге кинотеатрға барамыз деп шештік.

알마티에 이사하기로 했어요.

Алматыға көшем деп шештім.

올해부터 술을 안 마시기로 했어요.

Келесі жылдан бастап ішімдік ішпеймін деп шештім.

A. 우리 같이 걸을까요?

B. 좋아요. 학교까지 걸기로 해요.

Бірге жаяу жүріп кайтпадық па?

Жақсы. Мектепке дейін жаяу жүріп қайтайық.



~나요? / -(으)니까요?

Құрылымы: Етістік пен сын есімнің түбіріне, зат есімге жалғанады. Етістіктің түбіріне және 있다/없다 сөздеріне -나요? жалғанады, ал дауысты дыбысқа аяқталатын сын есімнің түбіріне -니까요? жалғанса, дауыссыз дыбысқа аяқталатын сын есімнің түбіріне -은가요? жалғанады. Өткен шақ формасы -았/었나요?. -(으)ㄴ건가요? келер шақ формасы тек етістіктің түбіріне жалғанады. Егер етістіктің түбірі дауысты дыбысқа аяқталса, -ㄴ건가요 жалғанады, ал түбір дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, -□건가요 онда жалғанады. Зат есімдерге -인가요? жалғанады.

Мағынасы: -나요? / -(으)니까요? / 인가요? формалары сұраулы сөйлем жалғаулары және де қарапайым сұраулы сөйлем формасына қарағанда, сыпайлығы жоғарырақ және жұмсақ. Сұрақ қойғанда тыңдаушыға сұрағымен жағымды әсер қалдыру мақсатында қолданылады. Көп жағдайда сөйлеуші мен тыңдаушы не туралы әңгіме қозғалып жатқанын білген жағдайларда қолданылады.

Мысал:

토니 씨, 한국에 언제 여행하나요? 한국에 가기 전에 만날 수 있나요?

Тони, Кореяға қашан саяхаттайсын?

주말 재미있게 보내셨나요?

Демалысты қызықты өткіздіңіз бе?

한국에 재미있는 축제가 많은가요?

Кореяда қызықты фестивальдар көп бола ма?

몇 시에 출발할 건가요?

Сағат нешеде жолға шығамыз?

A. 지하철역이 여기서 가까운가요?

B. 네, 별로 안 멀어요.

A. метро станциясы осы жерге жақын ба?

B. Иә, мүлдем алыс емес.

~도록 하다

Құрылымы: Дауысты немесе дауыссыз дыбысқа аяқталатын етістіктің түбіріне -도록 하다 формасының жалғануы арқылы жасалады. Болымсыз түрі -지 않도록 하다.

Мағынасы: -도록 하다 сөйлеушінің тыңдаушыға белгілі бір әрекетті орындауға өте сыпайы түрде бұйырғанда қолданылады немесе белгілі әрекетті орындауға ұсыныс жасағанда, өтінгенде қолданылады. Сонымен қатар, сөйлеушінің өзі белгілі бір әрекетті орындауға ниетін, ұмтылысын, шешімін білдіргенде жиі қолданылады. Сөйлемнің бірінші бөлігінде себеп-салдарды көрсеткенде -아/어서 грамматикалық құрылымы қолданылмайды. Мағыналық жағынан -아/어 보세요 және -(으)세요 грамматикалық құрылымдарымен ұқсастықтары жақын және көп жағдайларда сол грамматикалық құрылымдармен тіркесіп келеді.



Мысал:

기침이 심하니까 약을 먹도록 하세요.

Жөтел қатты болғандықтан дәрілерді ішіңіз.

영어를 잘하고 싶으면 방학때 열심히 공부하도록 하세요.

Ағылшын тілінде жақсы сөйлегіңіз келсе, демалыста зейін салық оқыңыз.

살 빠지면 날마다 일어나자마자 운동을 하도록 하세요.

Артық салмақты тастағыңыз келсе, күнде ояна салысымен жаттығуларды жасаңыз.

제가 지금부터 열심히 일하도록 할게요.

Мен қазірден бастап бар зейінмен жұмыс істеймін.

A. 기말시험을 잘 봐야 진급할 수 있으니까 열심히 공부하도록 하세요.

B. 네, 열심히 공부하도록 하겠습니다.

A. Сессия емтиханын жақсы тапсырып қана келесі деңгейге өте алатындықтан, бар ынтаңызбен оқыңыз.

B. Иә, бар ынтаммен оқимын.

~(으)르 테니까

Құрылымы: Етістіктің, сын есімнің түбіріне және зат есімге жалғанады. Дауысты дыбысқа аяқталатын етістік пен сын есімнің түбіріне -르 테니까 жалғанса, дауссыз дыбысқа аяқталатын түбірге -을 테니까 құрылымы жалғанады. Өткен шақты білдіру үшін етістік пен сын есімнің түбіріне

-았/였/였을 테니까 жалғанады. Зат есімге -일 테니까 құрылымы жалғанады. Өткен шақта зат есімге -이였/였을 테니까 құрылымы жалғанады. Яғни, зат есім дауысты дыбысқа аяқталатын болса, -였을 테니까 жалғанады, ал дауыссыз дыбысқа аяқталатын болса, онда -이였을 테니까 жалғанады.

Мағынасы: Бұл грамматикалық құрылым сөйлеушінің болжамын немесе ниетін білдіретін -(으)르 터이다 құрылымынан және себепті білдіретін -(으)니까 грамматикасының қосындысынан пайда болған және 2 жағдайда қолданылады:

1. Басыңқы сөйлем бөлігі (1-ші сөйлем бөлігі) себепті білдірсе, бағыныңқы сөйлемде (2-ші сөйлем бөлігінде) осы басыңқы сөйлем бөлігінде (1-ші сөйлем бөлігінде) айтылған себептің негізінде жағдайдың орындалуына әкеліп соғатын бір кеңесті, сөйлеушінің белгілі бір жағдайға байланысты болжамын білдіреді. Яғни кеңесті, болжамды білдіретін болса, онда басыңқы сөйлем бөлігіндегі бастауыш I,II,III жақта болып, ал бағыныңқы сөйлем бөлігіндегі бастауыш кез келген жақта болады.

2. Сөйлеушінің ниетін білдірген кезде қолданылады. Басыңқы сөйлем бөлігіндегі (1-ші сөйлем бөлігіндегі) бастауыш I жақта болып, ал бағыныңқы сөйлем бөлігіндегі (2-ші сөйлем бөлігіндегі) бастауыш II жақта болады.

Мысал:

내일 비가 올 테니까 우산을 준비하세요.

Ертең жаңбыр жауатындықтан, қолшатырды дайындап қойыңыз.

A. 버스를 타고 갈까요?

B. 버스는 복잡할 테니까 지하철을 탑시다.

A. Автобусқа отырып барайық?

B. Автобус толы болатындықтан, метромен барайық.

날씨가 아주 더울 테니까 반바지를 사야겠어요.

Ауа-райы өте ыстық болғандықтан, қысқа шалбар алуым керек (кой дим).

여기서 기다릴 테니까 빨리 다녀오세요.

Осы жерде күтетіндіктен тез келіңіз.

제가 과일을 씻을 테니까 식탁을 정리해 주세요.

Мен жемістерді жуатындықтан, сіз үстел жайыңыз.

너는 반드시 성공할 테니까 걱정하지 마.

Сен міндетті түрде жетістікке жетесің, сондықтан уайымдама.

~(으)르래요

Құрылымы: Етістіктермен ғана қолданылады. Дауысты дыбысқа аяқталатын немесе '르' дыбысына аяқталатын етістіктердің түбіріне -르래요 жалғанады, ал дауыссыз дыбысқа аяқталатын етістіктің түбіріне -을래요 жалғанады.

Мағынасы: Бұл грамматикалық құрылым сөйлеушінің ниетін немесе белгілі бір әрекетті орындауға тыңдарманның ойын, ниеттілігін анықтап сұрау үшін немесе білу үшін қолданылады. Егер сөйлеуші белгілі бір әрекетті орындауға ниеттелсе, онда сөйлемдегі бастауыш I жақта қолданылады. Ал егер сөйлеуші тыңдаушының белгілі бір әрекетті орындауға өтінішті білдірсе, сол әрекетті орындауға тыңдаушының қандай ниетте екенін, ойын, сұрап білгісі келсе, онда сөйлемдегі бастауыш II жақта қолданылады.

Ескеру: Сонымен қатар, бұл грамматикалық құрылым ауызекі сөйлеуде қолданылады және жасы сөйлеушінің өзінен кіші немесе құрдасы болып келетін жағдайларда қолданылады. Егер жасы сөйлеушіден үлкен кісімен диалогта қоладанғыңыз келсе, -(으)시сыпайлық суффиксі алдымен етістік түбіріне жалғап, одан кейін әңгіме қылып отырған грамматикалық құрылымды жалғаңыз.

Мысал:

이 음식을 다시는 안 먹을래요.

Бұл тағамды тағы енді жемеспін.

저는 불고기를 먹고 싶은데 에스볼 씨는 뭐 먹을래요?

Мен пулкоги жегім келіп тұр, ал Есбол сіз не жейсіз?

A. 날씨가 더우니까 아이스크림 먹을래요?

B. 저는 배가 아파서 먹지 않을래요.

A. Ауа-райы ыстық болғандықтан, балмұздақ жейсің бе?

B. Мен тойып тұрған соң жемеймін.

A. 마이라 씨, 다리 아파요? 저기 의자에 앉을래요?

B. 아니요. 괜찮아요.

Кешіріңіз, бірақ менің айтарым бар, сіз мені тыңдай аласыз ба?



NOTES

Lined area for notes with horizontal lines.

카자흐어-한국어 문법 자료집

Almaty: Center for Korean Studies of KazUIR&WL. 2020. 72 p.

ISBN 978-601-270-500-3

발행일: 2020.12.28

발행기간: 카자흐 국제관계 및 세계언어대 한국학센터

발행처: 카자흐 국제관계 및 세계언어대 출판부

주소: Muratbaeva str. 200, Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

저호스탄인을 위한 한국어 1-2
문법자료집: Грамматический справочник

Учебное пособие:

Ли Сунг Сук, Амангельды Акбота, Курманбекова Ввлентина

Издание подготовлено к выпуску
ЦЕНТРОМ КОРЕЕВЕДЕНИЯ КазУМОиМЯ им. Абылай хана
г. Алматы, ул. Толе би, 84, cks@ablaikhan.kz, www.canks.asia

Отпечатано с готовых файлов заказчика

Подписано в печать 28.12.2020 Формат 84x1081/16.

Бумага офсетная. Объем 12.5 п.л.

Заказ № 367. Тираж 500 экз.



Издательство «Полилингва» КазУМОиМЯ им. Абылай хана
050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200
Тел.: +7 (727) 292-03-84, 292-03-85, вн. 24-09
E-mail: kazumo@ablaikhan.kz, ablaikhan@list.ru